

Қазақстан Республикасының аумағында ғарыш зымыран кешендерін құру және пайдалану (қолдану) қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 1 қазандағы № 1249 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1063 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.12.2015 № 1063 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Инвестиция және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 29 сәуірдегі № 523 бұйрығын қараңыз.

«Ғарыш қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы Заңының 8-бабының 13) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының **Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының аумағында ғарыш зымыран кешендерін құру және пайдалану (қолдану) қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Ү к і м е т і н ің

2 0 1 2 ж ы л ғ ы

№ 1 2 4 9

бекітілген

С. Ахметов

Республикасы

1 қазандары

қаулысымен

Қазақстан Республикасының аумағында ғарыш зымыран кешендерін құру және пайдалану (қолдану) қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының аумағында ғарыш зымыран кешендерін (бұдан әрі – F3K) құру және пайдалану (қолдану) қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Ғарыш қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы Заңының 8-бабының 13) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағында ғарыш зымыран кешендерін құру және пайдалану (қолдану) тәртібін белгілейді.

2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) алғыжоба – өнімді әзірлеу негіздемесін және оның техникалық-экономикалық көрсеткіштерін, өнімді әзірлеу, өндіру және пайдалану бойынша бастапқы талаптар мен ұсыныстарды қамтитын бастапқы техникалық құжаттаманың түрі;

2) дербес сынаулар (бұдан әрі – DC) – F3K аралас бұйымдарымен оның жұмыс істеуін тексермей-ақ жекелеген бұйымды эксперименттік өндеу кезінде айқындалатын және жүргізілетін сынау түрлерінің жиынтығы;

3) авторлық қадағалау – бұл жасаушы ұйымның бұйымдарды жасауға бақылауды жүзеге асыру жөніндегі әзірлеуші ұйымның өкілеттілігі;

4) пайдалану қауіпсіздігі – берілген шарттарда F3K пайдалану мерзімі ішінде қызмет көрсететін персоналдың денсаулығына, қоршаған ортаға, жақын орналасқан ғимараттар мен бұйымдарға залал келтіру тәуекелінің болмауын немесе оны мейлінше азайтуды қамтамасыз ететін пайдалану процесі қасиеттерінің жиынтығы;

5) пайдалануға беру – бұл F3K жүйелерінің, құрамдас бөлігі агрегаттарының және тұтастай F3K жұмыс істеуге дайындығы, оларды жөндеу, жұмыс істеу дұрыстығын тексеру және оны пайдалануға қабылдау комиссиясының қабылдау, сондай-ақ пайдалануши ұйымның тиісті лауазымды адамдарына бекіту жұмыстарының жиынтығы;

6) F3K бас әзірлеуші ұйым – әзірлеуші ұйымдар мен жасаушылар бірлесіп, тапсырыс берушінің тактика-техникалық тапсырмасына немесе техникалық тапсырмасына сәйкес тұтастай F3K құру жұмыстарын жүргізетін ұйым;

7) F3K бұйымын бас әзірлеуші ұйым – бірлесіп орындаушы ұйымдармен бірлесіп F3K-ні бас әзірлеуші ұйымның техникалық тапсырмасына сәйкес F3K бұйымын жасау жөніндегі жұмыстарды жүргізетін ұйым (неғұрлым ірі құрылым бұйымы);

8) F3K тіршілік циклы (олардың бұйымдары, материалдары) – әзірлеу, жобалау, өндіру, пайдалану, сақтау, тасымалдау, іске асыру, жою және кәдеге жарату процестері;

9) тапсырыс беруші – заңды немесе жеке тұлғаның мұддесінде құрылатын

F 3 K ;

10) бұйым – F3K құрамына немесе оның кез келген құрылымына кіретін барлық түрдегі F3K-нің құрамдас бөлігі, жүйесі, аппаратурасы, агрегаты, аспаптары, блоктары, тораптары, электр радио бұйымдары (бұдан әрі – ЭРБ), жиынтықтаушы элементтері, бағдарламалық бұйымы, басқарудың автоматтандырылған жүйелері (бұдан әрі – БАЖ);

11) әзірлемені зерттеу және негіздемесі – бастапқы талаптарды қалыптастыру және оларды құру қағидаттарын іздестіру және негіздеу жөніндегі жұмыстар жиынтығының орындалуымен сипатталатын F3K, оның бұйымдары мен материалдарының тіршілік циклының сатысы;

12) бастапқы деректер – жобалау процесінде қажетті техникалық сипаттамалар мен параметрлерді, сондай-ақ қосымша немесе алдын ала талаптарды қамтитын және орындаушылардың арасында келісілген жұмыстар
құжаты;

13) F3K (бұйым) сапасы – F3K (бұйым) мақсатына сай белгілі бір қажеттіліктерді қанағаттандыруға F3K (бұйым) жарамдылығына негізделген қасиеттердің жиынтығы; бұл ретте кешенің құрылуы және пайдалануы кезінде байқалатын F3K-нің (бұйымның) объективті ерекшелігі ретінде көрінеді;

14) біліктілік сынақтары – ұйымның осы өнімді шығаруға дайындығын бағалауға арналған алғашқы серияны (басты үлгіні) бақылау сынақтары;

15) кешендік сынақ (бұдан әрі – КС) – шынайы жағдайларға жақын эксперименттік өндеу және екі немесе одан көп функционалдық байланысты F3K бұйымдарын тексеру кезінде жүргізілетін сынақ түрлерінің жиынтығы. Бұл ретте тұластай бас (басты) конструктордың шешімі бойынша F3K жеке бұйымын сынау жалпы оған кіретін бұйымдарға қатысты КС және бір мезгілде неғұрлым ірі құрылым F3K бұйымына қатысты АС болып табылуы мүмкін;

16) жиынтықтаушы бұйым – жасаушы ұйым шығаратын бұйымның құрамдас бөлігі ретінде қолданылатын жеткізуіші ұйым бұйымы (жүйе, аппаратура, аспап, блок, торап, бөлшек, ЭРБ, жиынтықтаушы элемент). Қағидалар мәтінінде – бір ұйым екінші ұйымға жеткізетін бұйым;

17) соңғы құрастыру – бұйымның (құрамдас бөліктің, құрастыру бірлігінің) жұмыс істеуге қабілетті жай-күйін растау үшін тікелей технологиялық құжаттаманың, сондай-ақ конструкторлық құжаттаманың талаптарын тексеру мақсатында көрсетілген жұмыстарды жүргізу процесінде қабылдаудағы бақылауға тағайындалатын және ұсынылатын бұйымды (құрамдас бөлікті, құрастыру бірлігін) жасаушы ұйымда құрастыру (монтаждау, реттеу);

18) ғарыш зымыран кешені - ғарыш аппараты бар тасымалдағыш зымыранды қабылдауды, сақтауды, ұшыруға дайындауды және ұшыруды қамтамасыз ететін тасымалдағыш зымыран мен техникалық құралдардың, құрылыштардың,

технологиялық жабдықтың және коммуникациялардың жынтығы;

19) ғарыш айлағы - ғарыш объектілерін дайындауды қамтамасыз етуге және ұшыруды жүзеге асыруға арналған техникалық құралдар, құрылғылар, ғимараттар, құрылыштар мен жер участекелері кешені;

20) ұшу сынаулары (бұдан әрі – ҰС) – F3K шынайы табиғи жұмыс істеу және мақсатты міндеттерді орындау жағдайларында сынау;

21) жерусті ғарыш инфрақұрылымының объектісі – бір немесе бірнеше функцияларды орындалуға арналған техникалық объекті: ғарыш мақсатындағы зымыранды (бұдан әрі – FM3) белгіленген әзірлікте тасымалдау, сақтау, жинау және ұстау, техникалық қызмет көрсету, дайындау және ұшыру, FM3 ұшыруының белсенді участекелерінде телеметриялық және траекториялық өлшеулерді өткізу, сондай-ақ оларды қамтамасыз ету;

22) бұйымның тәжірибелік үлгісі (тәжірибелік бұйым) – жаңадан әзірленген конструкторлық жұмыс құжаттамасы бойынша сынау, оның ішінде ұшуда сынау және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындау процесінде оның тактика-техникалық тапсырмасының немесе техникалық тапсырмасының талаптарына сәйкестігін тексеру үшін дайындалған (пісықталған, жаңғыртылатын)

өнім үлгісі;

23) F3K бұйымын әзірлеуші ұйым – кешенді (неғұрлым ірі құрылым бұйымды) бас әзірлеуші ұйымның техникалық тапсырмасына сәйкес бұйым жасау жөніндегі жұмыстарды жүргізетін ұйым;

24) жасаушы ұйым (жеткізуши) – F3K бұйымын жасауды, құрастыруды және жеткізу ді жүзеге асыратын ұйым;

25) сәйкестікті бағалау – объектіге қойылатын талаптардың сақталуын тіkelей немесе жанама растау;

26) сапа (қасиет, жай-күй) параметрі – қасиеттің (қасиеттер тобының) сандық белгісі немесе бұйымдардың жай-күйі;

27) өндірісті дайындау – берілген шығару көлемінде талап етілетін сападағы бұйымдар шығаруға ұйымның әзірлігін қамтамасыз ететін ұйымдық, техникалық, экономикалық, әлеуметтік және басқа іс-шараларды өткізу жөніндегі іс-қимылдар

жынтығы;

28) тұтынушы – F3K және оның бұйымдарының мақсатты міндеттерді орындау нәтижелерін өз мүддесінде пайдаланатын тапсырыс беруші немесе ведомство, орган, ұйым;

29) бұйымдарды өндіріске қою – өнімнің (алғашқы партиясының) алғашқы үлгілерін шығарылуын расталатын бұйымдар өндірісін дайындау және игеру жөніндегі іс-шараларды жүргізумен сипатталатын жаңадан әзірленген (жаңғыртылған) бұйымдар өндірісін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін іс-қимылдар

жынтығы;

30) алдын ала сынаулар – тәжірибелік үлгілерді қабылдауды сынауға ұсыну мүмкіндігін айқындау үшін оларды бақылау сынауы;

31) қабылдау-тапсыру сынаулар – өндіріс процесінде қабылдауын бақылау кезіндегі өнімді бақылау сынаулары;

32) қабылдау сынаулар – жеткізуге дайын бұйымдардың үлгілерін мақсатты пайдалану бойынша тәжірибелік жарамдылығы туралы мәселені шешу үшін оларды нақты бақылау сынаулары;

33) өндіріс – өнеркәсіп дайындығын ұйымдастыру және жүзеге асыру жөніндегі жұмыстар жиынтығының орындалуымен сипатталатын бұйымдардың (материалдардың) тіршілік циклының сатысы;

34) әзірлеме – F3K және оның бұйымының жобалау және жұмыс конструкторлық құжаттамасын әзірлеу, тәжірибелік үлгілердің, бас үлгінің немесе бұйымдардың тәжірибелік үлгілерінің лектерін жасау және сынау, олардың УС кейін құжаттаманы түзету және бекіту бойынша жұмыстар жиынтығының орындалуымен сипатталатын F3K, оның бұйымдарының және материалдарының тіршілік циклының сатысы;

35) тасымалдағыш зымыран – ғарыш аппараттарын ғарыш кеңістігіне шығаруға арналған техникалық құрылғы;

36) ресурстық сынаулар – техникалық тапсырмада айқындалған ресурстық сипаттамаларды өндеуге және растауға арналған сынаулар;

37) сапа жүйесі – сапаға жалпы басшылық етуді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін ұйымдық құрылымның, жауапкершіліктің, рәсімдердің, процестер мен реестрапдидиң жиһнитығы;

38) техникалық бақылау жүйесі – дайындаудың технологиялық процестерінің ажырамас бөлігі ретінде бақылау объектілерін, көлемін, оның көп еңбекті қажет ететін өлшемін және режимдерін, оны жүргізу дәйектілігін, техникалық жарақтандырылуын және біліктілік талаптарын айқындастырын бақылау әдістері мен жоспарларының, бұйымдарды қабылдау қағидалары мен өлшемдерінің, бақылау операцияларының кешені;

39) F3K (F3K бұйымның) пайдалану жүйесі – өзара іс-қимыл техника бұйымдарының пайдалану әр кезеңінің міндеттеріне сәйкес болатын өзара байланысты техника бұйымдарының, оларды пайдалану құралдарының, орындаушылардың және құжаттамалардың жиынтығы;

40) F3K (бұйымның, материалдың) құрылуды – бастапқы талаптардың құрылудынан өндірістің аяқталуына дейінгі F3K (бұйымның, материалдың) тіршілік циклы сатысының жиынтығы;

41) тіршілік циклының сатысы – өнімнің белгілі бір жай-куйімен көзделген жұмыстар түрімен және олардың нәтижесімен сипатталатын өнімнің тіршілік циклының бір бөлігі. F3K бұйымдарының тіршілік циклының сатылары –

ғылыми, жобалық және жүйелі зерттеулер, өзірлеу, жобалау, өндіру (дайындау), пайдалану, пайдаланудан шығару (кәдеге жарату, жою) процестері;

42) алғыжобаны, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (бұдан әрі – ТКЖ) орындауға тактикалық-техникалық тапсырма (бұдан әрі – ТТТ) – ТКЖ тапсырыс беруші бекітетін, құрылатын F3K-ге тактикалық-техникалық талаптар кешенін, сондай-ақ ТКЖ маңызының, көлемінің және орындалу мерзімдерінің талаптарын белгілейтін бастапқы техникалық құжат;

43) ТКЖ құрамdas бөлігін орындау үшін техникалық тапсырма (бұдан әрі – ТТ) – ТКЖ тапсырыс беруші (бас өзірлеуші ұйым) бекітетін және құратын F3K-нің құрамdas бөліктері техникалық талаптары кешенін, сондай-ақ ТКЖ құрамdas бөліктерінің мазмұны, көлемі мен орындалу мерзімдерінің талаптарын белгілейтін бастапқы техникалық құжат;

44) техникалық-экономикалық көрсеткіштер – F3K (оның бұйымдарын) сипаттайтын және тәжірибелік үлгілерді өзірлеудің, дайындаудың және сынаудың, осы F3K (оның бұйымдары) бойынша сериялы өндірістің, пайдаланудың, кәдеге жаратудың және басқа жұмыстардың ақшалай мәндегі құнын айқындайтын техникалық, экономикалық, ұйымдық және басқа да көрсеткіштердің жиһнитығы;

45) технологиялық қамтамасыз ету – бұйымдардың технологиялығын, технологиялық проблемаларды шешу бойынша ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізуі, бұйымдар өндірісін дайындауды және игеруді негіздейтін бұйымдарды жасау және оларды өндіріске қою жөніндегі жұмыстар кешеніндегі жаңа технологиялық процестерді эксперименттік өндеуді, іс-шаралар кешені. Технологиялық қамтамасыз етуді бұйымдарды өзірлеушілер, технологтар, материалтанушылар және басқа да мамандар өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асырады;

46) эксперименттік өндеу – математикалық және бағдарламалық қамтамасыз ету, баллистикалық негіздеме бойынша, технологиялық процестерді өндеу, бойынша жұмыстарды, сондай-ақ тәжірибелік-теориялық әдіс негізінде жүргізілетін жұмыстарды қоса алғанда, шынайы жағдайларға жақын жағдайларда бұйым сипаттамаларының ТТТ (ТТ) талаптарына сәйкестігін тексеру, олардың жұмыс істеуге қабілеттілік қорларын айқындау мақсатында модельдерде, макеттерде, тәжірибелік үлгілерде сынауды дайындау және жүргізу жөніндегі жұмыстардың жиһнитығы;

47) электр радио бұйымдары (ЭРБ) – функционалдық аяқталған электронды техника бұйымдары, радио және электр техникалар: электр вакуумды аспаптар, жартылай өткізгішті аспаптар, интегралды микросызбалар, микромодульдер, резисторлар, конденсаторлар, радиобөлшектер, реле және т.б.

48) тіршілік циклының кезеңі – жобалаудың, қаржыландырудың және

орындалудың дербес объектісі болып табылатын, белгілі нәтижелерге жету үшін бағытталған тіршілік циклы сатысының бір бөлігі.

3. Егер нақты F3K-ден бөлек құрылатын болса, онда F3K, сондай-ақ F3K жекелеген құрамдас бөліктерін құруды тапсырыс берушінің олармен шарттық (келісімшарттық) негізінде ТТТ немесе ТТ негізінде жүзеге асырады.

F3K бұйымдарын құру бас әзірлеуші ұйымдардың (жобалау ұйымдарының) ТТ бойынша жүзеге асырады. Бірлесіп орындаушыларға ТТ берген әзірлеуші ұйымдар оларға қатысты тапсырыс берушінің функцияларын орындайды және олармен ТТ бойынша жұмыстарды орындауға шарттар (келісімшарттар) жасасады.

4. F3K мен оның бұйымдарын құруды қамтамасыз етуде ғылыми-техникалық мүмкіндік бойынша (оның ішінде прогрессивті технологиялар, материалдар және үлгілік конструкторлық-технологиялық шешімдер бойынша) құру мен жұмыс істеу қажеттілігін негіздеуді F3E орындау кезінде жүргізеді.

5. F3K мен оларға кіретін бұйымдарды жасау, өндіру пайдалануға беру тапсырыс берушімен шарттар бойынша (келісімшарттар) мынадай кезеңдер бойынша

жүргізіледі:

1) ғылыми әзірлемелер.

2) жобалау:

- алғыжоба (техникалық ұсыныс);
- нобайлық жоба (техникалық жоба).

3) дайындау:

F3K тәжірибелік бұйымдары мен макеттеріне жұмыс құжаттамасын әзірлеу;

F3K макеттері мен тәжірибелік бұйымдарын жасау және жұмыс құжаттамасын

түзету;

F3K тәжірибелік бұйымдарын жасау, зауыттық сынаулар және жұмыс құжаттамасын

түзету;

4) монтаждау;

5) құрылыш;

6) F3K мен оның құрамдас бөліктерін сынау:

- жүйелер мен агрегаттарды ДС;
- F3K құрамдас бөліктерін КС;
- үшү сынаулары.

7) пайдалануға енгізу:

тәжірибелік пайдалану;

штаттық пайдалану.

6. Әрбір кезеңде жұмыстардың номенклатурасы, негізгі мазмұны және көлемі осы Қағидалардың тиісті бөлімдерінде келтірілген.

Макеттер мен бұйымдардың тәжірибелік үлгілерін дайындау жөніндегі

жұмыстар (бұдан әрі – тәжірибелік бұйымдар) осы макеттер мен тәжірибелік бұйымдарды мақсатқа сай пайдалану үшін жоспарланған құрудың сол кезеңіне жатқызылады.

7. F3K ТТТ-да (ТТ-да), F3K бұйымдарына ТТ-да осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкес жұмыстардың қажетті кезеңдерінің тізбелері келтірілуі тиіс.

8. Нақты F3K (және оның бұйымдарын) құру процесінде жұмыстарды жалпы үйлестіруді тапсырыс берушінің шешімін басшылыққа алатын бас әзірлеуші үйым

жүргізді.

Шарт (келісімшарт) жұмыстар көлемін және құнын жыл сайын нақтылаумен F3K құрудың бүкіл кезеңіне жасалады.

9. Ұылыми және әлеуметтік-экономикалық мақсаттарда F3K құруға, шығаруға және пайдалануға республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік тапсырысты ғарыш қызметі саласындағы уәкілетті орган қалыптастырады және орналастырады.

10. F3K құру процесі жалғаспалы жоспарлауға жатады. Жалғаспалы жоспарлаудың жұмыс құжаттары мыналар болып табылады: F3K құрудың бас кестесі (кесте-жоспары) (F3K бұйымдарын құру кестелері немесе кесте-жоспарлары), алғыжобаны (техникалық ұсынысты) және нобайлық жобаны әзірлеудің кесте-жоспарлары, тапсырыс беруші мен бас әзірлеуші бекітетін F3K бұйымдарын әзірлеудің, өндөудің және дайындаудың кесте-жоспарлары, F3K (F3K бұйымдарын) құруды қамтамасыз ету үшін құрделі құрылышты, жерүсті объектілерін, стендтерді, ғимараттарды құру (толық жабдықтау, қалпына келтіру)

жоспарлары.

F3K арналған жалғаспалы жоспарлаудың жұмыс құжаттарын бірлесіп орындаушы үйымдармен бірге, F3K бас әзірлеуші үйым әзірлейді. Бас орындаушы үйымдар F3K бұйымдарына жалғаспалы жоспарлаудың жұмыс құжаттарын, тұастай алғанда F3K арналған тиісті жұмыс құжаттары кіретін оларға қатысты бөлігінде әзірлейді.

Осы Қағидаларға сәйкес әзірленетін сенімділікті қамтамасыз ету бағдарламаларында (бұдан әрі – СҚБ) және F3K мен оның бұйымдарының басқа бағдарламаларында көзделген жұмыстар мен іс-шаралар F3K және F3K бұйымдарына арналған жалғаспалы жоспарлаудың жұмыс құжаттарына тиісінше енгізіледі.

Жалғаспалы жоспарлаудың жұмыс құжаттары F3K мен оның бұйымдарын құру жөніндегі жұмыстарды ағымдағы жоспарлау және бақылау үшін негізгі құжаттар болып табылады. Бұл ретте жалғаспалы жоспарлаудың жұмыс құжаттарында көзделген жұмыстарды неғұрлым ұсақ жұмыстарға бөлуге, оларды шартта (келісімшартта) көзделген көрсетілген жұмыстарды орындаудың бастапқы және түпкі мерзімдерін өзгертпей нақтылауға және толықтыруға жол

б е р і л е д і .

11. Жалғаспалы жоспарлаудың жұмыс құжаттары F3K мен оның бұйымдарын құрудың нақты кезеңдеріне кезең-кезеңімен қолдануға болатындей етіп әзірленеді.

12. F3K құрудың бас кестесі (кесте-жоспары) осы F3K бойынша орындаушылардың жұмыстарын орындау, ұйымдастыру, үйлестіру және бақылау үшін бағытталған. F3K құрудың бас кестесі (кесте-жоспары) ұлғайтылған желілік модельді білдіре алады және F3K мен оның негізгі бұйымдарын құру кезеңдеріндегі ұлғайтылған жұмыстардың тізбесінен тұрады. F3K құрудың бас кестесі (кесте-жоспары) және F3K бұйымдарын құрудың кестелері (кесте-жоспарлары) жұмыстарды жүргізу мерзімі, тәртібі және орындаушылар бойынша өзара байланысты.

F3K құрудың бас кестесі (кесте-жоспары): «Алғыжоба (Техникалық ұсыныс)» кезеңінде – алдын ала, «Нобайлық жоба» кезеңінде – нақтыланған кезең-кезеңмен әзірленеді. Бас әзірлеуші ұйым үш ай мерзімде нобайлық жобаға тапсырыс беруші келіскеннен кейін кестені (кесте-жоспарды) мүдделі ұйымдармен және тапсырыс берушімен келіседі және оны бекітеді.

13. F3K құрудың бас кестесіне (кесте-жоспарына) және F3K бұйымдарын құру кестелеріне (кесте жоспарына) енгізілген жұмыстар мынадай жұмыс құжаттарында :

1) «алғыжоба (Техникалық ұсыныс)» және «Нобайлық жоба» кезеңдерінде – алғыжобаны (техникалық ұсынысты) және нобайлық жобаны әзірлеудің тиісті кесте-жоспарларында ;

2) кейінгі кезеңдерде – мемлекеттік тапсырыс беруші (тапсырыс беруші) және F3K бас әзірлеушісі бекітетін F3K бұйымдарын әзірлеу, өндеу және дайындау жөніндегі кесте-жоспарларда ;

3) F3K (F3K бұйымдарын) құруды қамтамасыз ету үшін жерусті обьектілерін, стендерді, ғимараттарды курделі салу, құру (қайта жаңарту, толық жабдықтау) жоспарларында егжей-тегжейленеді және нақтыланады.

14. F3K бұйымдарын әзірлеу, өндеу және дайындау жөніндегі кесте-жоспарлардың жобаларын «Нобайлық жоба» кезеңінде F3K бас әзірлеуші-ұйымдар осы кезеңдегі нәтижелер негізінде бірлесіп орындаушы бас ұйымдармен әзірлеуді .

F3K негізгі бұйымдарын бас әзірлеуші ұйымдар нобайлық жобаны әзірлеудің кесте жоспарында белгіленген мерзімде F3K бас әзірлеуші ұйымына тиісті F3K бұйымдарын әзірлеу, өндеу және дайындау жөніндегі кесте жоспарлардың жобаларын ұсынады .

15. Әзірлеуші ұйымдар F3K мен оның бұйымдарын құру кезінде мыналарды:

1) жобалау мен сынаудың прогрессивті әдістерін пайдалану, сапаны

қамтамасыз ету мен кепілдік беруге, өндірісті құру мен игеруді қысқартуға бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру және іс-шараларды әзірлеуді;

2) жерусті жағдайында F3K ҰС басталғанға дейін F3K бұйымдарын эксперименттік өндеудің негізгі көлемін орындау.

«Ұшу сынаулары» кезеңінде – жерусті жағдайында, оның ішінде халықаралық шарттарды (құқықтық шектеулерді) орындауды есепке ала отырып, техникалық жағынан орындау мүмкін емес немесе берілген мерзімде экономикалық жағынан орынсыз өндеуді ғана жүргізуіді;

3) жұмыс режимінің ТТТ, ТТ бойынша шекті рұқсат етілетінін (экстремальдық) жағдайды қоса алғанда, шынайыға жақын жағдайда сынауы (АС және КС еткізу ді);

4) жерусті өндеуді сондай-ақ ұшуда да жүйелер мен агрегаттардың жұмысын модельдеуді жүргізуге мүмкіндік беретін аралас ұйымдарда бас әзірлеуші ұйымда конструкторлық-технологиялық макет, кешенді модельдеуші стендтерді құруды нақты жүйелермен және құралдармен қоса алғанда, эксперименттік өндеу үшін кешенді стендтер мен макеттерді құруды;

5) бұйымдардың тиісті сынақтары басталғанға дейін сынақ жабдықтары мен құралдарын іске қосуды;

6) жобаның іске асырылуын кешенді талдауды;

7) F3K, оның бұйымдарын, материалдарын, жартылай өнделген өнімін құру, шығару және пайдалану кезінде экологиялық қауіпсіздікті және пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз етуді;

8) F3K бұйымдары мен тұтастай алғанда F3K-ны мақсатқа сай қолдану үшін жасаудың, монтаждаудың және дайындаудың прогрессивті, автоматты және автоматтандырылған құралдары мен сапаны бақылау әдістерін, сондай-ақ диагностикалық бұзбайтын бақылауды және ЭРБ бақылау сынақтарын енгізуіді қарастырады.

Әзірлеуші ұйымдар мен жасаушы ұйымдар F3K мен олардың бұйымдарын құру мен шығаруды технологиялық қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және жүргізеді.

16. F3K және оның бұйымдарының сенімділігіне, F3K пайдалану, оның құрамдас бөліктері мен жүйелері қауіпсіздігінің талаптары (оның ішінде экологиялық қауіпсіздік), сондай-ақ осы талаптарды растаудың тәртібі мен шарты F3K-ге ТТТ-да және F3K бұйымдарына ТТ көрсетілген.

17. ТТТ (ТТ) берілген сенімділік деңгейін, F3K, оның құрамдас бөліктерін, жүйелерін пайдалану қауіпсіздігін (оның ішінде экологиялық қауіпсіздігін) қамтамасыз ету, растау және бақылау мақсатында F3K (оның бұйымдарын) құру кезеңдерінде жүргізілетін жұмыстардың мазмұны мен орындалуына қойылатын талаптар, сондай-ақ осы жұмыс түрлерінің тізбесі СҚБ және пайдалану

қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағдарламаларына (бұдан әрі – ПҚҚБ) енгізілген.

СҚБ ТТТ (ТТ) бойынша құрылатын, барлық F3K мен олардың бұйымдарына, сондай-ақ ТТ бойынша пысықталатын F3K бұйымдарына әзірленеді. ПҚҚБ (оның ішінде экологиялық қауіпсіздігі) құрамдас бөліктеріне, жүйелерге және тұтастай F3K-ға әзірленеді.

F3K бас әзірлеуші үйым F3K, СҚБ және ПҚҚБ әзірлейді, ал бірлесіп орындаушы үйымдар F3K өзі де, осы бұйымдар да кіретін неғұрлым ірі құрылымдардың F3K бұйымдарына көрсетілген бағдарламалардың құрамдас бөліктері болып табылатын F3K бұйымдарының тиісті СҚБ және ПҚҚБ әзірлейді

18. Алғыжобалардың (техникалық ұсыныстардың) және нобайлық жобалардың құрамына СҚБ және ПҚҚБ енгізіледі.

19. Бірлесіп орындаушы үйымдар ТТ берген үйымға келісу үшін СҚБ және ПҚҚБ ұсынады. Келісілген СҚБ және ПҚҚБ неғұрлым ірі құрылымдардың F3K бұйымдарына, тұтастай F3K-ны қоса алғанда, бұйымдардың тиісті бағдарламаларын жасау үшін ТТ берген үйым пайдаланады.

20. Үйымдардың басшылары талап етілетін техникалық деңгейді, F3K мен олардың бұйымдарын құруды негіздеу және мерзімін орындау, оларды өндіеу толықтығы мен жеткілікті болуын, конструкторлық, (оның ішінде пайдалану), технологиялық құжаттаманың сапасы, F3K (оның бұйымдарын) құрудың әрбір кезеңінде жоспарланған жұмыстардың сапалы орындалуын, тапсырыс берушіге жеткізілетін өнімнің сапасы мен жинақтылығын, сериялық (бір реттік) шығару және пайдалану процесінде F3K мен олардың бұйымдарының талап етілетін сапасы мен сенімділігінің деңгейін беруді және ұстауды қамтамасыз етеді.

Әзірлеуші үйым ТТТ (ТТ) талаптарының уақтылы және сапалы орындалуын, конструкторлық құжаттаманың сапасын, эксперименттік өндіеу толықтығы мен жеткіліктілікті болуын, құру, сериялық (бір реттік) шығару және пайдалану процесінде F3K бұйымдарының сенімділігінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз етеді.

21. Әзірлеуші үйымдардағы және жасаушы үйымдардағы бастықтар мен лауазымды тұлғалар, оларға қатысты бөлікте F3K мен олардың бұйымдарын өндіеу, дайындау және жеткізу сапасын бақылауды қамтамасыз етеді.

22. F3K, құрамдас бөліктерді, жүйелерді, агрегаттарды (құралдарды) әзірлеуші үйымдар, оларға қатысты бөлікте F3K бұйымдарын құруды аяқтау кезінде F3K арналған ТТТ (ТТ) мен F3K бұйымына арналған ТТ-да берілген сенімділікке қойылатын талаптарды бағалауға және растауға тиіс.

F3K бұйымдарын, оның ішінде ЭРБ мен жинақтаушы элементтерді жасаушы үйымдар (жеткізушілер) осы бұйымдарға арналған техникалық шарт (бұдан әрі – ТШ) талаптарына сәйкес олар жеткіzetін бұйымдардың жұмыс істеу қабілеттілігі

23. F3K және оның бүйымдарын құру кезінде әзірлеуші ұйымдар бірлесіп орындаушылармен бірге оқу-машықтану құралдарын, бейстандартты жөндеу - технологиялық және имитациялау-стенд жабдықтарын құруды, FM3 жабдықтары мен F3K бүйымдарын кәдеге жаратуға арналған жабдықтар, сондай-ақ қажетті конструкторлық (оның ішінде пайдалану) әзірлемені, технологиялық құжаттаманы және бағдарламалық математикалық қамтамасыз етеді.

24. F3K мен олардың бүйымдарын құру процесінде эксперименттік сынаудың кешенді бағдарламаларына (бұдан әрі – ЭСКБ) сәйкес бүйымдардың жұмыс істеуінің ТТТ (ТТ) айтылған нақты шарттарға барынша жақындастылған жағдайларда оларды эксперименттік сынау (АС және КС) жүргізуі тиіс.

ТТ бойынша әзірленетін F3K барлық бүйымдары F3K және оның бүйымдарын қабылдау сынақтарына (ҮС) тәжірибелік штаттық ұлгілерді (олардың партияларын) көрсету мүмкіндігін айқындау мақсатында алдын ала сыналады. Алдын ала сынақтар тізбелерін бүйымдардың ЭСКБ-ге қосады.

25. Жұмыстардың сапасын және ТТТ-да (ТТ-да) берілген талаптардың (оның ішінде сапасының, қауіпсіздігінің, сенімділігінің) орындалуын бақылау мақсатында құру және шығару кезеңдерінде жұмыстардың нәтижелеріне сараптаманы бас ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық мекемелер және/немесе бағыттар бойынша осы сияқты басқа да ұйымдарды тарта отырып, зымыран-ғарыш өнеркәсібінің және тапсырыс берушінің ұйымдары жүргізеді.

26. Ғылыми, әлеуметтік-экономикалық және коммерциялық мақсаттағы F3K және оның бүйымдарын құру, жасау және қолдану процесінде ғылыми-техникалық өнімдерінің, алынатын жинақтаушы бүйымдардың, тапсырыс берушіге жұмысты жеткізуге арналған жасалатын өнімнің сапасына бақылау шарттық (келісімшарттық) негізде жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Қазақстан Республикасы аумағында ғарыш зымыран кешендерін құру мен пайдалану (қолдану) тәртібі

2.1. Алғыжобаны (техникалық ұснысты) әзірлеу тәртібі

27. «Алғыжоба (техникалық ұсныс)» кезеңіне дейін F3K (F3K бүйымдарын) құру орындылығын негіздеу, олардың конструкциясына және ғылым мен техниканың инновациялық жетістіктерінің сызбасын енгізу жолдарын анықтау бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіледі.

28. F3K-ға алғыжобаны (техникалық ұснысты) әзірлеу тапсырыс берушінің ТТТ немесе ТТ бойынша шартқа (келісімшартқа) сәйкес жүргізіледі.

29. Алғыжобаны (техникалық ұснысты) әзірлеу конкурс негізінде бірнеше

бас ұйым бірлесіп орындаушылармен бірге жүргізеді.

30. Тапсырыс беруші шарт (келісімшарт) жасасқанға дейін бас ұйымдарға алғыжобаны (техникалық ұсынысты) өзірлеуге ТТТ (ТТ) немесе F3K-ге ТТТ (ТТ) береді, сондай-ақ тапсырыс берушінің бас ғылыми-зерттеу институтына (бұдан ері – F3И), тапсырыс беруші шартта (келісімшартта) немесе ТТТ, ТТ-да көрсетілген басқа ұйымдарға жібереді.

Бас өзірлеуші ұйым ТТТ (ТТ) алғаннан кейін екі айдан аспайтын мерзімде бірлесіп орындаушы ұйымдарға F3K бұйымдарына, сондай-ақ, қажет болған кезде монтаждау-технологиялық құжаттаманы өзірлеуге, бағдарламалық-математикалық қамтамасыз етуді өзірлеуге және сынауға ТТ береді. ТТ-ны бас ұйым бекітер алдында бірлесіп орындаушы ұйымдармен келісілуғе жагады.

Бірлесіп орындаушы ұйымдар отыз күннен аспайтын мерзімде ТТ жобасын қарап және ТТ берген ұйымдарға ТТ-ның қабылданғаны немесе осы келіспеушіліктерді негіздей отырып, келіспеушіліктердің бар-жоғы туралы жазбаша хабарлайды. Келіспеушіліктер бас ұйымның қатысуымен ұйымның бірлескен кеңесінде қаралады. Бірлесіп қарау процесінде шешілмеген мәселелер бойынша шешімді F3K-нің бас өзірлеуші ұйым қабылдайды.

Мұдделі ұйымдардың бірлескен шешімі бойынша келісілген мерзімде бастапқы деректерді (ТТ-ға қосымша) өзірлеуге жол беріледі.

31. F3K-ге алғыжобаны (техникалық ұсынысты) бас өзірлеуші ұйым тапсырыс берушімен келісім бойынша F3K бұйымдарына (құрамдас бөліктерге, негізгі жүйелерге, агрегаттарға, құралдарға) алғыжобаларды (техникалық ұсыныстарды) бас өзірлеуші ұйымдарды айқындайды, осы Қағидалардың 30-тармағына сәйкес оларға ТТ береді және олармен шарттар (келісімшарттар) жасадады.

32. F3K-ге алғыжобаны (техникалық ұсынысты) бас өзірлеуші ұйым бас бірлесіп орындаушы ұйымдармен бірге, F3K бұйымдарына алғыжобаны (техникалық ұсынысты) өзірлеудің кесте-жоспарын екі айлық мерзімде дайындаиды, бас бірлесіп орындаушы ұйымдармен келіседі және оны тапсырыс берушінің бекітуіне ұсынады.

Бұл ретте F3K-ге алғыжобаны (техникалық ұсынысты) бас өзірлеуші ұйым бас бірлесіп орындаушы ұйымдардың F3K-ға алғыжобаны (техникалық ұсынысты) өзірлеуінің және олармен келісудің тиісті кесте-жоспарларын, оларды өзірлеудің және олармен келісудің мерзімін айқындайды. Осы кесте-жоспарлар оның құрамдас бөліктері (қосымша) ретінде F3K-ға кесте-жоспармен бір уақытта бекітіледі.

33. F3K-ға алғыжоба (техникалық ұсыныс) F3K құрудың мүмкіндіктерін пысықтаудың жеткілікті тереңдігін қамтамасыз ету мақсатында мыналарды:

1) нысаналы пайдалану мәселелерін пысықтау, негізгі тактикалық-техникалық сипаттамаларды айқындауды (оның ішінде берілгендермен салыстыру бойынша сипаттамалардың мәндерін арттыру мүмкіндігін айқындау) және F3K (оның негізгі бұйымдарын) қолданудан күтілетін тиімділігін бағалауды, F3K радио электрондық қуралдарды (бұдан әрі – РЭК) жиілік қамтамасыз ету мәселелерін пысықтауды және олардың халықаралық-құқықтық қорғау мүмкіндігін бағалауды, ҰС жүргізуге шектеулердің қолданылу жағдайларында сынақтар өткізуді алдын ала негіздеуді, халықаралық, әлеуметтік-экономикалық және ғылыми қолдану мүддесінде ақпаратты пайдаланудың мүмкіндігі мәселелерін пысықтауды, сондай-ақ коммерциялық негізде жобалар үшін алдын ала бизнес-жоспарды қоса алғанда, басқа тапсырыс берушілердің мүддесінде және халықаралық ғарыш нарығында пайдалану **мүмкіндігін бағалауды;**

2) F3K бөлу сызбасы бойынша қысқаша техникалық сипаттама және ұсыныстар, F3K жұмыс істеуі мен оны пайдалану ерекшеліктері, негізгі тактикалық-техникалық және пайдалану сипаттамаларын алуды қамтамасыз ететін F3K мен оның бұйымдарының негізгі техникалық шешімдері мен жұмыс істеу **кағидаттарын негіздеуді;**

3) F3K ықтимал нұсқаларын, туындаған техникалық және технологиялық проблемалар мен мәселелерді пысықтауды, тұтастай алғанда F3K және оның бұйымдарының алдын ала энергетикалық, бұқаралық және габариттік сипаттамаларын пысықтауды; FM3 іске қосу мен ұшыруға дайындаудың технологиясы тұрғысынан F3K жиынтықтау нұсқасының оңтайлысын (ен үздігін) тандауды негіздеуді, сенімділікті қамтамасыз етуді, қауіпсіздікті, эксперименттік және өндірістік базаның мүмкіндіктерінен, F3K техникалық-экономикалық көрсеткіштерін рұқсатсыз іске қосудан қорғауды қамтамасыз етуді, сондай-ақ F3K мен F3K бұйымдарын пайдаланудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі негізгі сызба-конструктивтік және ұйымдық-техникалық **шешімдерді пысықтауды;**

4) ТТТ орындау толықтығын (мүмкіндіктерін) талдауды, F3K жобасының іске асырылуын бағалауды, сондай-ақ F3K-ге ТТ жобасы бойынша ұсыныстарды;

5) құрылатын F3K мен оның бұйымдарының техникалық деңгейінің ғылым мен техниканың озық жетістіктеріне сәйкестігін талдауды, F3K негізгі техникалық және пайдалану сипаттамалары және техникалық-экономикалық көрсеткіштері бойынша әлемдік ғарыш нарығындағы бәсекеге қабілеттілікти бағалай отырып, үздік қолданыстағы және әзірленетін ұқсас кешендермен салыстыруды;

6) F3K бұйымдарын шығарудың қажетті технологиялық, өндірістік және ұйымдық-техникалық шарттарын алдын ала пысықтауды және айқындауды;

7) F3K сенімділігінің нақты қолжетімді деңгейінің негізdemесін қамтитын сенімділікті қамтамасыз етудің алдын ала бағдарламасы, F3K сенімділігінің осындай деңгейіне қол жеткізу мен оны растау үшін қажетті жұмыстар мен іс-шаралар тізбесін алдын ала негіздеуді, осы жұмыстар мен іс-шараларға қойылатын талаптарды, F3K мен оның негізгі бұйымдарының сенімділігін қамтамасыз етудің ұйымдастыру-техникалық қағидаттары және оларды іске асыру

т ә р т і б і н ;

8) F3K техника-экономикалық көрсеткіштерін алдын ала бағалау, өндірісті технологиялық қамтамасыз ету мен дайындауға, күрделі құрылышқа, F3K құрудың алдын ала бас кестесін негіздеуге арналған шығындарды, сондай-ақ орындаушыларды

т і з б е с і н ;

9) ТТТ-да айқындалған ішкі және сыртқы ықпал етуші факторларынан негізгі бөліктердің, негізгі жүйелердің, агрегаттардың (құралдардың) тұтастай алғанда болжамды іsten шығулары пайда болған жағдайда F3K ықтимал авариялық жағдайларын айқындау мақсатында сызбалық және конструктивтік шешімдерді алдын ала

т а л д а у д ы ;

10) F3K пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз етудің алдын ала бағдарламасын (экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді қоса алғанда);

11) F3K рұқсатсыз қолданудан қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды жүргізу дің алдын ала бағдарламасын;

12) F3K және F3K нақты бұйымдарын және тұтастай алғанда F3K құруды қамтамасыз ету үшін нобайлық жобалау кезінде орындауға жататын ғылыми зерттеулердің (оның ішінде технологиялық проблемалар мен мәселелер бойынша) тізбесі және осы зерттеулерді орындаушыларының құрамы бойынша ұсыныстарды ;

13) алдын ала директивалық технологиялық құжаттарды;

14) нобайлық жобаны әзірлеу кезінде және F3K мен оның бұйымдарын құрудың басқа кезеңдерінде, оның ішінде оларды жерустінде сынау үшін орындалатын есептеу-теориялық және эксперименттік жұмыстар, макеттеу, математикалық және жартылай натуралық модельдеу жұмыстары бойынша т і з б е с і м е н к ө л е м і н ;

15) қоршаған ортаға әсерін бағалау, F3K мен оның бұйымдарын құру, шығару және пайдалану кезінде, оның ішінде авариялық жағдайлар туындаған кезде де қоршаған ортаны қорғау мәселелерін пысықтауды;

16) экологиялық қауіпсіздігін есепке ала отырып, F3K мен оның бұйымдарын құруды қамтамасыз ету мақсатында жабдықтардың, стендтердің, ғимараттар мен сынақ базаларының тізбесін көрсетуді, оның ішінде құру, жаңғырту, сатып алу немесе жалға алу қажет өндірістік және эксперименттік (сынау) базаларының мүмкіндіктері мен тұтынылатын қуаттылығын бағалауды;

17) қолданыстағы және әзірленетін бұйымдарды біріздендіру, стандарттау және пайдалану мүмкіндіктерін алдын ала талдауды;

18) нобайлық жобалар әзірленуі тиіс бұйымдардың тізбесін;

19) F3K пайдалану (оның ішінде әзірлеуші ұйымдар және бас F3I ұсынған басқа да мақсаттар мен міндеттер үшін), оны жетілдіру перспективаларын талдау және F3K бұйымдарын кейінгі әзірлемелерде қолдану мүмкіндігін айқындауды;

20) F3K мен оның бұйымдарын шығару, сынау және пайдалану процесінде метрологиялық және әргономикалық қамтамасыз етуді алдын ала әзірлеу нәтижелерін;

21) F3K мен оның бұйымдарына ҰС бастау үшін қажетті сенімділік деңгейін азайтпастан, оны құруға арналған шығыстарды қысқарту мақсатында F3K бұйымдарын эксперименттік сынау процесінде физикалық сынауды математикалық сынаумен (модельдеумен) алмастыру мүмкіндіктерін алдын ала сынауды

қ а м т у ы т и і с .

Алғыжобаны (техникалық ұсынысты) әзірлеу процесінде мыналар:

1) басқарушы ақпараттық-есептеу кешенін математикалық және ақпараттық қамтамасыз ету, ұшуды және деректерді FM3 жіберуге дайындау құралдарын (ұшу тапсырмасын және т.б.) жасаушы ұйымдарда және пайдаланушы ұйымдарда, тасымалдағыш зымырандарды сынауды және мақсатына сай қолдануға дайындауды бақылауды басқару жүйелері (оның ішінде автоматтандырылған) мәселелерін алдын ала

п ы с ы қ т а у ;

2) алдын ала баллистикалық негіздеу (ғарыш аппаратының шығарылу дәлдігін, орбитаның параметрлерін немесе ұшу траекториясын, ғарыш аппараттарын қондыру полигондарын және бөлініп шығатын бөліктері құлайтын аудандарды және

т . б .) ;

3) жалғаспалы жоспарлаудың, F3K құрудың алдын ала жұмыс құжаттарын (алдын ала бас кесте (кесте-жоспар), F3K бұйымдарын құрудың алдын ала кестелерін немесе кесте-жоспарларын, F3K (F3K бұйымдарын) құруды қамтамасыз ету үшін жерусті объектілерін, стендтерді, ғимараттарды құрделі салудың, құрудың (қайта жаңарту, толық жабдықтау) алдын ала жоспарларын

ә з і р л е у ;

4) технологиялық қамтамасыз етуді және шығаруға дайындауды қоса алғанда, F3K мен оның бұйымдарын құрудың сметалық құнын алдын ала

ә з і р л е у ;

5) бұйымды технологиялық бөлуді және жинақтауды қамтамасыз ету үшін конструкторлық-технологиялық шешімдердің нұсқаларын талдауды қамтитын технологиялық қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстар және осы кезең үшін онтайлысын тандау, сондай-ақ материалтану, технология, метрология және оларды шешу жолдары жөніндегі проблемалық мәселелерді анықтау жүргізіледі.

6) F3K-ге арналған алғыжобаның (техникалық ұсыныстың) құрамдас бөліктері оның құрамдас бөліктеріне, негізгі жүйелеріне, агрегаттарына (құралдарына), ТТ берілген басқа бұйымдарға арналған алғыжобалар (техникалық ұсыныстар) болып табылады. Олар ТТ талаптарының сенімділігін, орындалуын талдауды қамтамасыз етудің алдын ала бағдарламаларын, алдын ала техникалық-экономикалық көрсеткіштерді, ТТ-ның және басқа талаптары жөніндегі

материалдар	қамтуы	тиіс.
-------------	--------	-------

34. F3K бұйымдарына алғыжобаларды (техникалық ұсыныстарды) бас әзірлеуші ұйымдар F3K арналған алғыжобаны (техникалық ұсынысты) әзірлеудің кесте-жоспарында көзделген мерзімде F3K арналған алғыжобаны (техникалық ұсынысты) бас әзірлеушінің қарауына тиісті алғыжобаларды (техникалық ұсынысты) ұсынады және F3K арналған алғыжоба (техникалық ұсыныс) бекітілгенге дейін олардың алдында оларды қорғауды жүргізеді.

Бас әзірлеуші бірлесіп орындаушы ұйымдармен бірге, бір айдан кешіктірмей, F3K арналған алғыжобаны (техникалық ұсынысты) тапсырыс берушіге, тапсырыс берушінің бас F3И-ге, тапсырыс беруші шартта (келісімшартта) немесе ТТТ, ТТ көрсетілген басқа ұйымдарға қарауына және сараптауына береді.

Тапсырыс берушінің және (немесе) конкурстық комиссияның, бас әзірлеуші ұйымның (F3K бұйымдары бөлігінде) шешімі бойынша алғыжоба (техникалық ұсынысты) немесе оның жеке бөліктері ғарыш қызметімен айналысадын басқа да ұйымдарға қорытынды беру үшін қарауға жіберіледі.

Жалғаспалы жоспарлаудың алдын ала жұмыс құжаттарды бір уақытта алғыжобамен (техникалық ұсыныспен) жіберіледі.

35. Алғыжобаға (техникалық ұсыныска) арналған қорытындыларды (F3K мен оның бұйымдарының техникалық мәселелері, мемлекеттік экологиялық сараптамасы, оларды біріздендіру және стандарттау бойынша қорытындыларды қоса алғанда) келісуді жүргізетін ұйымдар қорытындысын тапсырыс берушіге, F3K бас әзірлеушіге, конкурстық комиссияға және тапсырыс берушінің бас F3И-ге, сондай-ақ олардың шешімі бойына оларға қатысты белгінде басқа да

ұйымдарға	б е р е д і .
-----------	---------------

Тапсырыс берушінің бас F3И қорытындыларды дайындау процесінде алғыжобаға (техникалық ұсыныска) ТТТ-ның немесе F3K арналған ТТ-ның орындалуына талдау, үздік ұқсастықтармен ұсынылатын техникалық шешімдері мен F3K негізгі сипаттамаларын алдын ала салыстыру мен бағалауды жүргізеді, нысаналы пайдалану мәселелерін пысықтайды және F3K қолданудың күтілетін тиімділігіне алдын ала баға және тиімділік өлшемдері мен құны бойынша F3K алдын ала баға, сондай-ақ әлемдік ғарыштық нарықта олардың бәсекеге қабілеттілігіне алдын ала баға береді. Көрсетілген жұмыстардың алынған нәтижелері бас F3И қорытындыларына енгізіледі.

Бұдан басқа, бас FЗИ қорытындыларында осы Қағидаларда, алғыжобаны (техникалық ұсынысты) әзірлеу және FЗК арналған ТТ жобасы бойынша өзірлеуші ұйымдар ұсыныстарының негізділігі дәрежесі бойынша ТТТ-да (ТТ-да) көрсетілген осы нормативтік техникалық құжаттамалар (бұдан әрі – НТК) талаптарының орындалуын бағалау, алғыжобаның (техникалық ұсыныстың) әр белімін қарau нәтижелері, әзірлеуші ұйымдар ұсынатын ТТТ-ға нақтылаулар мен толықтыруларды есе ала отырып, ТТТ-да берілген сипаттамалармен FЗК немесе оның бұйымдарын құру жөніндегі жұмыстарды жалғастырудың орындылығы мен мүмкіндігі туралы тұжырымдар келтірілуі тиіс.

Технология мен материалтану бағыттары бойынша бас FЗИ-дің қорытындылары түсіндірме жазбаның технологиялық бөлігінде жазылған технология және материалтану мәселелерін пысықтаудың техникалық деңгейін, толықтығы мен жеткіліктілігін бағалауды, технологиялық көрсеткіштерін базалық мәндерін есе ала отырып, бұйымның технологиялығы мен метрологиялық қамтамасыз етуді ұсынылатын конструкторлық-технологиялық шешімдердің іске асырылуын алдын ала бағалауды қамтиды.

36. Алғыжобаны (техникалық ұсынысты) әзірлеу конкурстық негіздерде бірнеше бас ұйымға тапсырылған болса, онда қорытынды шығару үшін тапсырыс берушінің бас FЗИ-дің қатысуымен ғарыштық ақпаратты (өнімді) тұтынушылардың (тапсырыс берушілердің) қатысуымен FЗК тапсырыс берушісінің шешімімен бекітілетін конкурстық сараптама комиссиясы құрылады.

Конкурстық сараптама комиссиясы FЗК құру мәселелері бойынша шешім қабылдайтын ұйымның шешімімен тағайындалуы мүмкін.

Конкурстық сараптама комиссиясының жұмыс істеу тәртібі мен мерзімі конкурстық сараптама комиссиясын құру туралы шешіммен айқындалады.

Конкурстық сараптама комиссиясы ұсынылған алғыжобаларды (техникалық ұсыныстарды) және оларға қорытындыларды қарағаннан кейін мыналарды:

- 1) одан әрі әзірлеу үшін ұсынылатын алғыжобаны (техникалық ұсынысты);
- 2) одан әрі әзірлеу кезінде алғыжобаға (техникалық ұсыныска) өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігін айқындейды.

37. Конкурстық сараптама комиссиясының қорытындысы өз шешімімен (егер мұндаидар болса) конкурсты тағайындаған тапсырыс берушіге, сараптама жүргізген ұйымдарға (тұластай немесе ішінара оларға қатысты бөлігінде), алғыжобаларды (техникалық ұсыныстарды) бас әзірлеушілерге ұсынылады.

38. FЗК арналған алғыжоба (техникалық ұсыныс) әзірлеуші бас ұйым оны ұсынғаннан кейін үш айдан аспайтын мерзімде тапсырыс берушінің қарауына жатады. Алғыжобаны (техникалық ұсынысты) қарau сараптамалық қорытындылар, оның ішінде тапсырыс беруші бас FЗИ-дің, конкурстық сараптама комиссиясының (егер конкурс өткізілсе) қорытындылары болған кезде

ғана жүзеге асырылады. Қарау нәтижелері бойынша тапсырыс беруші алғыжобаға (техникалық ұсынысқа) қорытынды береді.

Оң қорытынды F3K арналған түпкілікті TTT (TT) әзірлеу (нақтылау) және белгіленген тәртіппен F3K (F3K бұйымдарын) құру жөніндегі жұмыстарды одан әрі жүргізу туралы шешім қабылдау үшін негіз болып табылады.

39. Алғыжобаны (техникалық ұсынысты) әзірлеуші бас ұйым бірлесіп орындаушы ұйымдармен бірге, алғыжобаға (техникалық ұсынысқа) тапсырыс берушінің қорытындысын алғаннан кейін екі айдан кешіктірмей, қажет болған кезде, F3K арналған алғыжобаға (техникалық ұсынысқа), оның ішінде жалғаспалы жоспарлаудың алдын ала жұмыс құжаттарына өзгерістер (толықтырулар)

енгізеді.

Пысықталған алғыжоба (техникалық ұсыныс) бойынша қорытындыны қарау және беру алғыжоба (техникалық ұсыныс) бойынша берілетін тәртіппен жүзеге асырылады.

40. Алғыжобаны (техникалық ұсынысты) қарау нәтижелері әзірленген немесе нақтыланған F3K арналған TTT (TT) жобасы F3K әзірлеуші бас ұйыммен оның түсү сәтінен бастап бір ай мерзімде келісіледі.

F3K (F3K бұйымдарына) арналған келісілген TTT (TT) F3K тапсырыс беруші бекітеді, жұмыстарды одан әрі жүргізу туралы шешім қабылданған сәттен бастап үш айдан кешіктірмей, кешенді әзірлеуші бас ұйымға береді.

Тапсырыс беруші бекіткен TTT F3K құруға қатысатын барлық ұйымдардың орындауы үшін міндетті және одан әрі ТКЖ жүргізуге арналған шартты (келісімшартты) жасасу үшін техникалық негіздеме болып табылады.

TTT-ны нобайлық жобалау процесінде оны келіскен немесе бекіткен ұйымдардың бірлескен шешімі бойынша түзетілуі мүмкін.

3. Нобайлық жоба мен жұмыс құжаттамасын әзірлеу тәртібі

3.1. Нобайлық жобаны әзірлеу және оны қарау тәртібі

41. «Нобайлық жоба» кезеңіндегі жұмыстардың мақсаты:

1) TTT (TT) орындауды қамтамасыз ету үшін тұтастай алғанда F3K, оның жекелеген құрамдас бөліктерін, жүйелерін, агрегаттарды (құралдарды), бейстандарттық өлшеу және бақылау құралдарын, оқу-жаттығу құралдарын және F3K басқа да бұйымдарын құру жөніндегі негізгі сипаттамаларды, техникалық және технологиялық шешімдерді кешенді (теориялық және эксперименттік) негіздеу, сондай-ақ F3K мен оның бұйымдарының техникалық-экономикалық көрсеткіштерін

негіздеу;

2) шығаруға дайындау үшін, жерүсті ғарыш инфрақұрылымының қажетті

объектілері мен ғимараттарын салу үшін тұтастай алғанда F3K және оның бұйымдарына жұмыс конструкторлық және технологиялық құжаттаманы жобалау және шығару мақсатында бірлесіп орындаушы ұйымдармен бастапқы деректерді өзірлеу және келісу болып табылады.

42. F3K және оның бұйымдарын нобайлық жобалауды F3K арналған ТТ, F3K бұйымына арналған ТТ бойынша ұйымдар тапсырыс берушімен жасалған шартта (келісімшартта) айқындалған мерзімде және нобайлық жобаны өзірлеудің кесте-жоспарына

сәйкес

жүргізеді.

F3K арналған нобайлық жоба өзірлеудің кесте-жоспарын F3K өзірлеуші бас ұйым бірлесіп орындаушы бас ұйымдармен бірге, F3K құрудың алдын ала бас кестесі (кесте-жоспары) және «Алғыжоба (Техникалық ұсыныс)» кезеңінде жүргізілген жұмыстардың нәтижелері негізінде, егер осы құжатта өзгеше мерзім белгіленбесе, тапсырыс берушімен келісімшарт (шарт) жасалғаннан кейін екі айдан кешіктірмей дайындайды. F3K өзірлеуші бас ұйым өзірлеуші бас ұйымдармен кесте-жоспарды, оларға ПТ-ны келіседі және тапсырыс берушіге

бекітуге

ұснады.

Бұл ретте F3K өзірлеуші бас ұйым бірлесіп орындаушы бас ұйымдардың F3K бұйымына нобайлық жобалар өзірлеудің тиісті кесте-жоспарларын өзірлеудің, келісудің және оған бекітуге ұсынудың қажеттілігін айқындаиды. Осы кесте-жоспарлар F3K өзірлеуші бас ұйыммен келісілгеннен кейін оның құрамдас бөліктері (қосымшалары) сияқты F3K арналған нобайлық жоба өзірлеудің кесте-жоспарын бір уақытта отырып бекітіледі.

43. Тапсырыс беруші берген ТТ негізінде өзірлеуші бас ұйымдар F3K арналған ТТ алғаннан кейін екі айдан аспайтын мерзімде олармен, F3K негізгі бұйымдарын өзірлеуге, монтаждау-технологиялық құжаттаманы өзірлеуге және басқа да F3K жағадан құрылатын бұйымдарына, құралдарын өзірлеуге, алғыжобаны (техникалық ұсынысты) өзірлеу кезінде қажеттілігі анықталған нобайлық жобалау кезіндегі ғылыми (теориялық және эксперименттік) зерттеулер жүргізуге арналған ТТ тапсырыс берушімен (немесе оның нұсқауы бойынша тапсырыс берушінің ұйымымен) келісілген, бірлесіп орындаушы ұйымдарға береді (бұрын берілгендерін нақтылайды). Ғылыми зерттеулер жүргізуге арналған ТТ тапсырыс берушінің бас F3И-мен келісілуге жатады.

ТТ-да F3K бұйымдарына нобайлық жобалардың мазмұнына қойылатын талаптар

кеle tipilgen.

Бірлесіп орындаушы ұйымдар алған сэттен он бес күннен аспайтын мерзімде ТТ жобасын қарап және ТТ берген ұйымдарға ТТ-ның келісілгені немесе осы келіспеушіліктерді негіздеумен келіспеушіліктердің бар-жоғы туралы жазбаша

хабарлайды.

Бас өзірлеуші ұйымдар ТТ берген F3K бұйымдарын өзірлеуші ұйымдар

көрсетілген ТТ бекітілгеннен кейін бір айдан кешіктірмей ұқсас тәртіппен өздерінің брлесіп орындаушыларына F3K көрсетілген бұйымдарына кіретін бұйымдарды өзірлеуге арналған ТТ береді.

Бас өзірлеуші үйымдар тапсырыс берушімен (немесе оның нұсқауы бойынша тапсырыс берушінің үйымымен) келісуге жататын ТТ тізбесін жасайды және тапсырыс берушімен келіседі.

Нобайлық жобалау процесінде ТТ оған қол қойған үйымдардың бірлескен шешімі бойынша түзетілуі мүмкін.

Мұдделі үйымдардың бірлескен шешімі және ТТ талаптарын дамыту мен нақтылау үшін олар келісілген мерзімде келісілетін, бекітілетін және берілетін бастапқы деректерді (ТТ-ға толықтырулар) өзірлеуге жол беріледі.

44. Нобайлық жобалау кезінде ғылыми-теориялық және эксперименттік зерттеулер нобайлық жобалардың шығуына дейін аяқталады және олардың нәтижелері нобайлық жобаларға енгізіледі.

F3K нақты бұйымдарын және тұтастай алғанда F3K нобайлық жобалау кезіндегі ғылыми зерттеулердің нәтижелері мыналар:

1) ұшу сыйбасын, пайдалы жүктемелерін (пайдалы жүкті), F3K бұйымдарының жұмыс істеуінің онтайлы шарттарын (режимдерін) тандау жөніндеғі ұсыныстар;

2) F3K бұйымдарының және конструкциялық материалдарының онтайлы сипаттамаларын тандау жөніндеғі ұсыныстар;

3) F3K бұйымдарын жерүсті сынау үшін эксперименттік және сынақ базаларының жұмыс істеп тұрғандарын пайдалану және жаңаларын құруды дайындау жөніндеғі ұсынымдар;

4) F3K, оған кіретін объектілерді, бұйымдар мен ғимараттарды ықтимал бір ізге түсіру жөніндеғі ұсынымдар;

5) жерүсті сынақтары мен ҰС жүргізу бағдарламаларының жобалары мен әдістері жөніндеғі ұсынымдар;

6) F3K, оның құрамдас бөліктерінің, жүйелерінің, агрегаттарының (құралдарының), бағдарламалық бұйымдарының сенімділігін қамтамасыз ету мен бақылау әдістемелерін өзірлеу (үлгілік әдістемелер базасында);

7) F3K РЭС жиілігін қамтамасыз ету және оларды халықаралық-құқықтық қорғау жөніндеғі ұсынымдар;

8) F3K, оның құрамдас бөліктері мен жүйелерін және осы қауіпсіздікті айқындау мен бақылау әдістемесін қамтамасыз ету жөніндеғі ұсынымдар;

9) F3K рұқсатсыз іске қосудан қорғалуын тексеру мен бағалау бағдарламаларын өзірлеу жөніндеғі ұсынымдар;

10) жаңадан өзірленетін (жаңғыртылатын, пысықталатын) F3K (оның бұйымдарын) құру, шығару, пайдалану (тасымалдауды және сақтауды қоса

алғанда) процесінде, оның ішінде авариялық жағдайлар туындаған кезде қоршаған ортаны қорғау шаралары бойынша ұсынымдар;

11) қоршаған ортаға әсерін бағалау әдістемесін және F3K бұйымдарын сынау, пайдалану және кәдеге жарату кезіндегі экологиялық қатерді қоса алғанда, аумақтардың экологиялық мониторингілеу әдіснамасын өзірлеу;

12) F3K мен оның бұйымдарын шығару және сынау процесінде метрологиялық қамтамасыз ету жөніндегі, оның ішінде автоматтандырылған құралдарды қоса алғанда, өлшеу мен бақылау әдістері мен құралдары жөніндегі

Ұ с ы н ы м д а р ;

13) арнайы сынаулар жүргізу жөніндегі ұсынымдар;

14) F3K мен оның құрамдас бөліктерін әргеномикалық қамтамасыз ету жөніндегі

Ұ с ы н ы м д а р ;

15) Конструкцияларды, материалтануды және бұйымдар технологиясын дамыту мен біріздендіруді кешенді жобалау, сондай-ақ жаңа материалдар мен жабдықтарды шығару үшін өнеркәсіптік базаларды жасау мерзімін жобалау;

16) F3K құру және ғылыми-техникалық жетістіктер барысында алынған ноу-хауды экономиканың басқа салаларына енгізу жөніндегі ұсынымдар;

17) ғарыш қызметтерін әлемдік нарыққа жылжыту жөніндегі ұсынымдар;

18) жаңа технологиялық процестер мен шешімдер жөніндегі ұсынымдар, бұйымдардың перспективалық элементтерінің үлгілерін дайындаі отырып, арнайы технологиялық жабдықтарды және жарақтандыру құралдарын құру,

с ы на у ж ә н е ж о л ғ а қ о ю ;

19) F3K бұйымдарын дайындау үшін өндірістік базаны құру немесе жетілдіру, оны қосымша жабдықпен және аппаратурамен жарақтандыру жөніндегі

Ұ с ы н ы м д а р .

Ғылыми зерттеулердің нәтижелері осы бұйымдарға ТТ берген ұйымдармен және осы ТТ келіскең тапсырыс берушінің бас F3И келісілетін есептермен

р е с і м д е л е д і .

45. F3K (тапсырыс берушінің ТТ бойынша құрылатын F3K жекелеген құрамдас бөліктеріне) арналған нобайлық жоба мыналарды:

1) тізбелері алғыжобаны (техникалық ұсынысты) өзірлеу кезінде тізбелері айқындалған және қажет болған кезде толықтырылған есептеу-теориялық, эксперименттік және басқа да жұмыстар нәтижелері бойынша ТТ-да (ТТ-да) берілген F3K айқындалатын негізгі сипаттамаларын орындаудың негіздемесін;

2) нұсқалардың салыстырмалы бағасын (оның ішінде олардың технологиялылығын есепке ала отырып) және құрамдас бөліктердің, агрегаттардың (құралдардың) құрамы мен параметрлерін және олардың кешенді сызбадағы

б а й л а н ы с ы н н е г і з д е у д і ;

3) F3K мен оның бұйымдарының таңдалап алынған нұсқасын техникалық

сипаттауды, ТТТ-ға сәйкес F3K және ТТ-ға сәйкес оның бұйымдарын құру жөнінде қабылданған техникалық шешімдерді, таңдал алынған материалдарды, конструкцияны, жабындарды және отынның қабылданған құрамдастарын негіздеуді;

4) F3K мен оның бұйымдарының жұмыс істеу, пайдалану ерекшеліктері, сақтау мерзімі мен шарттары, тасымалдау шарттары, регламенттік тексеру (техникалық қызмет көрсету) жөніндегі негізгі деректер, сондай-ақ пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету, пайдаланудан алу мен кәдеге жарату жөніндегі сызбалық-конструктивтік және ұйымдастыру-техникалық шешімдерді;

5) қоршаған ортаға әсерін бағалау, F3K (оның бұйымдарын) құру, шығару, пайдалану (тасымалдау және сақтау) процесінде, оның ішінде авариялық жағдайлар туындаған кезде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды;

6) өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздікті қоса алғанда, F3K ПҚҚБ-ын;

7) F3K мен оның құрамдас бөліктерін әргономикалық қамтамасыз ету бағдарламасын;

8) қорғалатын мәліметтердің, оларды қорғау әдістері мен құралдарының тізбесін іске асыру жөніндегі іс-шараларды негіздеуді;

9) рұқсатсыз қолданудан F3K-ні пайдалану қауіпсіздігі мен қорғалуын тексеруді айқындау және бақылау әдістемелерінің тізбесін;

10) есептеу-теориялық және (немесе) эксперименттік жұмыстардың нәтижелері негізінде F3K (оның бұйымдарының) сенімділігіне қойылатын талаптардың орындалуын бағалауды, оның құрамдас бөліктерінің, жүйелерінің, негізгі агрегаттарының (құралдарының), бағдарламалық бұйымдарының сенімділігін нормалауды, сондай-ақ авариялық жағдайларды табу құралдарының құрамын негіздеуді;

11) полигондық өлшеу құралдарының құрамын және оларға қойылатын талаптарды негіздеуді;

12) F3K мен оның бұйымдарының техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің нақтыланған бағасын, бұйымдарды шығаруды технологиялық қамтамасыз етуге және дайындауға, күрделі құрылыш салуға арналған шығындарды, F3K құрудың нақтыланған бас желілік кестесін негіздеуді және орындаушыларды коопeraçãoлауды;

13) ішкі және сыртқы әсер етуші факторлардан F3K құрамдас бөліктерінің, жүйелерінің, негізгі агрегаттарының (құралдарының) істен болжалды шығуы пайда болған жағдайда тұтастай алғанда, F3K авариялық жағдайларын анықтау мақсатында сызбалық және конструктивтік шешімдерді кешенді талдау нәтижелерін, бұйымдарды көрсете отырып, авариялық жағдайлардан шығудың ықтимал жолдарын, сондай-ақ F3K бұйымдарының қауырт элементтерінің тізбесі

бойынша және қауырт технологиялық процестері мен операциялардың тізбелері
б о й ы н ш а ү с и н ы с т а р д ы ;

14) F3K мен оның құрамдас бөліктерін бөлудің нақтыланған сызбаларын;

15) жерусті және ҰС жүргізу әдістерінің және олардың нәтижелерін бағалау
әдістерінің, оның ішінде расталатын сипаттамалардың сәйкестігін бағалау
ә д і с т е р і н і н т і з б е с і н ;

16) F3K негізгі бұйымдарын біріздендіру мен стандарттаудың қажетті
денгейін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды орындау туралы деректерді;

17) пайдалану құжаттамасының тізбесін;

18) арнаулы сынаулар тізбесін;

19) қажетті эксперименттік, сынау және өндірістік базалардың нақтыланған
құрамын, сипаттамасын, қажетті қуаттарын және олар тиесілі ұйымды көрсете
отырып, олардың жеткіліктілігін негіздеуді, сондай-ақ олардың қысқаша
техникалық сипаттамаларымен және нысаналы мақсатымен жаңадан құрылатын (
сатып алынатын) эксперименттік, есептеу, өлшеу және өндірістік құралдарының
т і з б е с і н ;

20) ТТТ-ға (ТТ-ға) сәйкес осы F3K үшін құрылатын оқу-жаттығу
құралдарының, бейстандарттық өлшеу және бақылау құралдарының құрамын;

21) F3K негізгі бұйымдарының және тұтастай алғанда F3K үшін жалпы
түрдегі сыйуларды, теориялық және габариттік сыйуларды, сызбаларды, олардың
с и п а т т а м а с ы н ;

22) жерусті эксперименттік сынау мен ұшу сынаулары кезеңдерінде
ақпараттың жиналуына қарай ТТТ мен ТТ-да берілген сенімдікке қойылатын
талаптарды қамтамасыз ету және растау мақсатында F3K мен оның бұйымдарын
кейінгі кезеңдерінде жүргізілетін жұмыстар мен іс-шаралардың тізбесін
қамтитын СҚБ қамтуы тиіс. Бұл ретте, СҚБ ТТТ мен ТТ-да берілген сенімдікке
қойылатын талаптарды растау үшін кешенің негізгі бұйымдарын жерусті және
ҰС кезеңдерінде талап етілетін F3K негізгі бұйымдарының санын көрсете
отырып, математикалық және жартылай натуралық модельдеу, макеттеу және
эксперименттік сынау, математикалық қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды,
сондай-ақ тұтастай алғанда F3K және кешен бұйымдарының сенімділігін
қамтамасыз ету және бақылау әдістерінің тізбесін қамтиды. Эксперименттік
сынауды негіздеу кезінде F3K мен оның бұйымдарының жекелеген
сипаттамаларын тексеру мен растаудың тәжірибелік-теориялық әдісін пайдалану
туралы, эксперименттік сынаудың кешенді бағдарламаларына сынақтардың
түрлеріне бөлінген (жылу, жылу-ваккумдық, мықты, вибротөзімді, акустикалық,
аэрогаз-динамикалық, динамикалық, пневмогидравликалық, айғақтық, ресурстық
, климаттық, механикалық, электрлік және қолданыстағы нормативтік
құжаттарға сәйкес сынақтардың барлық түрлері) дербес және кешенді

сынақтарды қосу туралы; басқа F3K құрамында жекелеген бұйымдарға үшу сынауларын (егер мұндай сынақтар қажет болса), шекті (экстремалды) режимдерде (оның ішінде қауырт элементтерде) сынақтар, сакталуына сынақтар, үшу сынауларын жүргізу туралы мәселелер, сондай-ақ F3K мен оның бұйымдарына эксперименттік сынақ жүргізу кезінде сыртқы және ішкі ауыртпалықтардың бір уақытта әсер етуін барынша имитациялауды қамтамасыз ету, математикалық қамтамасыз етуді сынау үшін әдістер мен құралдардың жеткіліктілігін негіздеу мәселелері міндетті түрде қарауға жатады;

23) F3K бұйымдарын құру жөнінде конструкциялар мен технологиялық зерттеулерді технологиялық пысықтау, негізгі технологиялық шешімдерді негіздеу нәтижелері, өндірісті кейіннен дайындау үшін қажетті бастапқы деректерін, сондай-ақ мыналарды: дайындалар алудың, өндеудің, жинаудың, монтаждау мен сынаудың негізгі әдістеріне бағыттық технологиялық процесті қамтуға тиіс директивалық технологиялық құжаттарды;

24) арнайы технологиялық жарақтандыру тізбесін;

25) өндірісті ұйымдастыру ерекшелігі бойынша нұсқауларды;

26) директивалық еңбекті қажет ететін;

27) бұйымдардың негізгі параметрлерінің құрамын, негізгі параметрлерді өлшеу дәлдігін, бақылау жүйесін құрудың таңдау алынған нұсқасын көрсете отырып, шығару, сынау және пайдалану процесінде метрологиялық қамтамасыз ету (оның ішінде өлшем бірлігін қамтамасыз ету) іс-шараларын негіздеуді;

28) құрылатын F3K (оның бұйымдарының) техникалық деңгейінің ғылым мен техниканың озық жетістіктеріне сәйкестігіне салыстырмалы талдау мен бағалауды және F3K жетілдіру перспективалары мен зымыран және ғарыш техникасын одан әрі дамыту міндеттерін шешу кезінде оны пайдаланылу мүмкіндігін

бағалауды;

29) әлемдік ғарыштық нарықта бәсекеге қабілеттілікті бағалауды, коммерциялық негізде жобалар үшін нақтыланған бизнес-жоспарды, ел экономикасының басқа салаларына енгізу үшін алынған жетістіктердің тізбесін қамтуды

тиіс.

F3K нобайлық жобасын әзірлеу процесінде басқарушы ақпараттық-есептеу кешенін математикалық, бағдарламалық және ақпараттық қамтамасыз ету, тасымалдағыш зымырандарды және ғарыш аппараттарын (олардың бұйымдарын) жасаушы ұйымдарда және сынау базаларында мақсаты бойынша басқарудың автоматтандырылған жүйелерін қолдануға дайындықты сынау мен бақылауды басқару жүйелерін және т.б. ТТ мен осы Қағидалардың 45-тармағына және бастапқы деректерге сәйкес жұмыстар жүргізілуі тиіс.

Осы жұмыстарға:

1) бағдарламалық модульдердің, оларды іске асыру үшін жады ресурсы мен

өнімділік резервінің, кіріс және шығыс деректердің, жұмыс істеу алгоритмдерінің, тестілер жинаудың тізбесін нақтылау және (немесе) әзірлеу жөніндегі жұмыстар ;

2) баллистикалық негіздеуді нақтылау (ғарыш аппаратын шығару дәлдігі, орбитаның параметрлері немесе ұшу траекториясы, ғарыш аппараттарын қондыру полигондары және бөлініп шығатын бөлікттері және т.б. құлау аудандары) ;

3) жалғаспалы жоспарлаудың жұмыс құжаттарының жобаларын әзірлеу, оларды келісу мен бекіту ;

4) жобаның іске асырылуын кешенді талдау бағасын (нәтижелерін) нақтылау;

5) өндірісті технологиялық қамтамасыз ету мен дайындауды, оларды келісу мен бекітуді қоса алғанда, F3K бұйымдарының сметалық құнын калькуляциялау жобаларын әзірлеу ;

6) істен шығулар түрлерін, салдарын, қындығын талдау (ITСКТ) жөніндегі жұмыстар ;

7) құрылатын F3K пайдаланудан алғаннан кейін оны кәдеге жарату мүмкіндіктерін бағалау мақсатында конструкторлық-технологиялық шешімдерді негіздеу жөніндегі жұмыстар жатқызылады.

Көрсетілген жұмыстардың негізгі нәтижелері нобайлық жобаларға енгізіледі.

Жалғаспалы жоспарлаудың жұмыс құжаттарының жобалары нобайлық жобамен бір уақытта жіберіледі.

F3K және F3K негізгі бұйымдарын бас әзірлеуші ұйымдар тапсырыс берушінің индекстерін беру үшін F3K, оның бұйымдарын, жүйелерді, агрегаттарды бөлу сызбаларын тапсырыс берушіге (немесе оның нұсқауы бойынша тапсырыс берушінің ұйымына) әзірлейді және береді. F3K бұйымдарын бөлу сызбалары осы бұйымды әзірлеуге TT берген ұйыммен келісуге жатады.

F3K арналған нобайлық жобаның құрамдас бөліктері оның бұйымына, жүйелері мен негізгі агрегаттарына (құралдарына), құрамдас бөліктеріне, монтаждауға, сондай-ақ «Алғыжоба (техникалық ұсыныс)» кезеңінде айқындалған және TT берілген F3K басқа бұйымдарына арналған нобайлық жобалар болып табылады. Олар СҚБ, есептеу-теориялық және эксперименттік жұмыстардың нәтижелері бойынша TT-ның орындалуын негіздеу, техника-экономикалық көрсеткіштер мен TT-ның басқа талаптары бойынша материалдарды қамтуы тиіс. Осы тармақтың талаптарын іске қосу немесе F3K көрсетілген бұйымдарына қойылатын жаңа талаптарды қосу TT-да айтылады немесе бағыты бойынша TT-ны берген ұйымның, тапсырыс берушінің бас F3И-дің және F3K бұйымдарын әзірлеуші ұйымның шешімімен ресімделеді. Нобайлық жобалар шығарылған F3K бұйымдарын әзірлеуші ұйымдар F3K бас әзірлеуші ұйымның, тапсырыс беруші бас F3И-дің және тапсырыс берушінің

нұсқауы (шешімі) бойынша басқа да үйымдардың және F3K өзірлеуші бас үйимның қатысуымен өздерінің нобайлық жобаларын ТТ берген бас өзірлеушінің алдында қорғауды жүргізеді.

46. F3K өзірлеуші бас үйим және құрамдас бөліктерді, жүйелерді, негізгі агрегаттарды (құралдарды) бас өзірлеуші үйымдар нобайлық жобаны өзірлеудің кесте-жоспарында көзделген мерзімде F3K қызмет көрсету құралдарын жобалау үшін бастапқы деректерді береді.

47. F3K арналған нобайлық жоба F3K бұйымдарын бас өзірлеуші үйымдармен бірлесіп қарауға және тапсырыс берушіге, тапсырыс берушінің бас F3I-ге қорытынды жасауға нобайлық жобаны өзірлеудің жоспар-кестесінде көзделген мерзімде F3K бас өзірлеуші үйымға ұсынылады.

Нобайлық жобаның өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасы және мемлекеттік экологиялық сараптамасы қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

F3K мен F3K бұйымдарына арналған нобайлық жобалардың материалдары сараптама жүргізу және технологиялық қамтамасыз ету жөніндегі, оның ішінде конструкцияны шығару мен монтаждау кезіндегі технологиялылығы туралы, тиісінше стандарттау және бір ізге түсіру деңгейі туралы қорытындыны беру үшін шартта (келісімшартта) немесе ТТТ-да (ТТ-да) айқындалған мамандандырылған технологиялық, метрологиялық, монтаждау үйымдарына, оларға қатысты бөлігінде стандарттау бойынша бас үйымдарға жіберіледі.

F3K арналған нобайлық жоба тапсырыс берушіге қарауға және F3K бұйымдарына, жүйелерге және негізгі агрегаттарға (құралдарға) және F3K басқа да бұйымдарына арналған нобайлық жобаларды қоса алғанда F3I-ге сараптамаға толық құрамда ұсынылады. Тапсырыс берушінің бас F3I бағыт бойынша, осы тармақта көрсетілген басқа да үйымдарға жобалар оларға қатысты бөлігінде ұсынылады.

48. Нобайлық жобаға Бас F3I қорытындылар шартта белгіленген мерзімде тапсырыс берушіге, F3K бас өзірлеушіге, сондай-ақ тапсырыс берушінің және F3K бас өзірлеуші үйимның шешімі бойынша – оларға қатысты бөлігінде басқа да үйымдарға ұсынылады.

F3K арналған нобайлық жобаның құрамдас бөліктеріне қорытындылар сондай-ақ нобайлық жобаның құрамдас бөлігін бас өзірлеуші үйымға ұсынылады

Технология және материалтану бағыттары бойынша тапсырыс берушінің бас F3I қорытындылары технология, материалтану мәселелерін пысықтаудың техникалық деңгейін, толықтығы мен жеткіліктілігіне және шығаруға дайындаудың (оның ішінде директивалық технологиялық құжаттаманы), бұйымдардың технологиялылығы мен қабылданған

конструкторлық-технологиялық шешімдердің технологиялық іске асырылуын бағалауды, бұйымдардың материалдық, еңбек, құндық және ресурстардың басқа түрлері бойынша іске асырылуын, метрологиялық қамтамасыз ету деңгейін, бұйымның технологиялығын, бақылауға жарамдылығы мен жөндеуге жарамдылығын бағалауды, сондай-ақ экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жұмыс істейтіндердің денсаулығын сақтау жөніндегі іс-шаралардың жеткіліктілігін бағалауды қамтуы тиіс. Ел экономикасының басқа салаларына технология және материалтану саласындағы жетістіктерді енгізу жөніндегі

ұснымдар да келтіріледі.

49. F3K арналған нобайлық жоба F3K бас әзірлеуші ұйым ұсынғаннан кейін үш айдан аспайтын мерзімде оған қорытынды беру мақсатында тапсырыс берушінің қарастырауды жатады.

Тапсырыс беруші нобайлық жобаны осы Қағидалардың 45-тармағында көрсетілген қорытындылар болған кезде ғана қарайды.

Нобайлық жобаны қарау кезінде туындаған келіспеушіліктер бойынша шешімдерді тапсырыс беруші мен F3K бас әзірлеуші ұйым бірлесіп қабылдайды.

Тапсырыс берушінің қорытындысы F3K бас әзірлеуші ұйымға және тапсырыс берушінің бас F3I (көшірмесі) жіберіледі. Өзінің қорытындысында тапсырыс беруші F3K бас әзірлеуші ұйымның тапсырыс берушінің қорытындыларын көбейту және оларға қатысты бөлігінде бірлесіп орындаушы ұйымдардың атына жіберу құқығын айтады.

50. F3K бас әзірлеуші ұйым, егер тапсырыс беруші өзге мерзімді келіспесе, нобайлық жобаға тапсырыс берушінің қорытындысын алғаннан кейін екі айдан аспайтын мерзімде нобайлық жобаға қорытындыларда айтылған ескертулерді жою жөніндегі іс-шаралардың жиынтық жоспарын жасайды және білесіп бас орындаушы ұйымдармен және тапсырыс берушімен келіседі, осы Қағидалардың 45-тармағында айтылған жалғаспалы жоспарлаудың жұмыс құжаттарын ресімдейді және оларды келісілгеннен кейін бекіту үшін тапсырыс берушіге

ұснады.

Нобайлық жобалар шығарылған F3K бұйымдарын бас әзірлеуші ұйымдар бірлесіп орындаушы ұйымдармен бірге, егер бас әзірлеуші мен тапсырыс берушінің бірлескен шешімінде өзгеше мерзім айқындалмаса, нобайлық жобаға тапсырыс берушінің қорытындысын алғаннан кейін бір айдан аспайтын мерзімде көрсетілген ескертулерді жою жөніндегі іс-шаралардың жиынтық жоспарын жасайды, оларды ТТ, берген ұйыммен келіседі, жалғаспалы жоспарлауды, тиісті құжаттарын нақтылауды жүргізеді және оларды іс-шаралардың жиынтық жоспарын жасау және F3K арналған жалғаспалы жоспарлаудың жұмыс құжаттарын нақтылау үшін F3K бас әзірлеушіге ұсынады.

Жалғаспалы жоспарлаудың жұмыс құжаттарын ресімдеу, келісу жәнебекіту

процесінде F3K негізгі бұйымдарын сериялық шығаруды (егер ол орын алатын болса), сондай-ақ жинақтаушы бұйымдарды, осы бұйымдарды дайындау үшін қажетті жартылай өндөлген өнімдер мен материалдарды шығаруды жүзеге асыратын үйымдарды айқындейді. Жалғаспалы жоспарлау жұмыс құжаттарында осы үйымдарда ҰС арналған тәжірибелік бұйымдардың белгілі бір санын шығарумен қарастырылған. Тапсырыс беруші мен бас әзірлеушінің бірлескен шешімі бойынша осы тәжірибелік бұйымдарды шығару сериялық шығаруға қою үшін бұйымдардың (бас үлгінің) белгілеу партиясын (сериясын) дайындау ретінде есептелуі мүмкін.

51. Нобайлық жобаны қарау нәтижелері бойынша тапсырыс беруші немесе оның нұсқауы бойынша үйым F3K құру жөніндегі жұмыстарды үйымдастырады және бақылау мен қабылдауды жүргізеді.

3.2. F3K-нің тәжірибелік бұйымдарына және макеттерге жұмыс құжаттамасын әзірлеу тәртібі

52. «F3K-нің тәжірибелік бұйымдарына және макеттерге жұмыс құжаттамасын әзірлеу тәртібі» кезеңіндегі жұмыстардың мақсаты:

1) F3K-нің тәжірибелік бұйымдарын және макеттерді (оның ішінде F3K ЭСКБ, F3K-нің бұйымдарын ЭСКБ және қажет болған кезде конструкторлық-технологиялық макеттерге, нобайлық жобаны әзірлеу кезінде жасалған осы құжаттаманың тізбесіне сәйкес ТШ және пайдалану құжаттамасын) , дайындау мен оларды сынауга арналған конструкторлық құжаттаманың толық жиһнұтынын әзірлеу;

2) осы кезеңдерді (немесе келісу мерзімдерін) көрсете отырып, F3K-ні құрудың кейінгі кезеңдерінде келісуге жататын құжаттардың нақты номенклатурасын (оның ішінде ТШ, қауырт элементтер тізбесін және бұйымдардың қауырт технологиялық процестерді, сынау бағдарламаларын, F3K-нің бұйымдарын эксперименттік сынау жөніндегі есептерді) айқындастырын құжаттаманың тізбесін белгіленген тәртіппен әзірлеу және тапсырыс берушінің (немесе оның нұсқауы бойынша тапсырыс берушінің үйымының) бекітуі;

3) тәжірибелік үлгілерді дайындау үшін технологиялық құжаттаманы әзірлеу;

4) бағдарламалық құжаттаманы әзірлеу болып табылады.

53. F3K-нің тәжірибелік бұйымдарын дайындауға арналған конструкторлық құжаттама жинақтылығы бойынша қолданыстағы МемСТ 2.102-68 талаптарына сәйкес болуы, технологиялылығы жасаушы үйим пысықтауы (немесе келісу) тиис.

Конструкторлық құжаттаманы технологиялылығына пысықтау нәтижелерін жасаушы үйим қорытындымен (актімен) немесе үйимда қолданылатын басқа

құжатпен ресімдейді және тәжірибелік шығаруға дайындық актісіне қоса береді.

54. F3K-нің тәжірибелік бұйымдарына арналған конструкторлық құжаттаманы әзірлеуді міндettі шарттары:

1) ТТТ-да, ТТ-да белгіленген талаптардың, оның ішінде бұйымдардың тиімділігін, сенімділігін, бір ізге түсіру деңгейін, пайдалану қауіпсіздігін және жұмыс істеу ресурстарын қамтамасыз етуге, сондай-ақ рұқсатсыз қолданудан қорғалуына қойылатын талаптарының орындалуын қамтамасыз ететін сызбалық-конструкторлық және технологиялық шешімдерді пайдалану;

2) ықтимал авариялық жағдайлардың тізбесін нақтыладап, кейіннен сынауды қүшеттіп бақылау, мақсатқа сай қолдануға жасауды, дайындауды ұйымдастыру үшін қауырт элементтер мен бұйымдардың қауырт технологиялық процестерінің тізбесін жасай отырып, F3K-ні авариялық жағдайға және қоршаған ортаның ластануына әкеп соғатын ықтимал істен шығуларын және жүйелердің, агрегаттардың (құралдардың) бұзылуына талдау жүргізу, авариялық жағдайлардан шығудың циклограммаларын (оның ішінде авариялық жағдайларда пайдаланылатын персоналдың іс-қимылы жөніндегі нұсқаулықтарды) әзірлеу;

3) жерүсті жағдайында, оның ішінде имитациялық модельдеу негізінде тәжірибелік-теориялық әдісті пайдалана отырып, сынау бойынша жұмыстардың негізгі көлемін орындау туралы талаптарды қосу;

4) жинау және монтаждау жұмыстарын жүргізу мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде технологиялығын қамтамасыз ету және прогрессивті технологияны қолдану;

5) ҰС-ын жүргізу және оған дайындау, F3K мен олардың бұйымдарын мақсатқа сай қолдану кезінде бақылаудың, өлшеу мен техникалық диагностикалаудың (оның ішінде автоматтандырылған) тиімді әдістері мен құралдарын, сондай-ақ тиімді құралдармен және әдістермен монтаждаудың үнемді әдістерін қолдануды қамтамасыз ету;

6) пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтау;

7) эргономика және техникалық эстетика талаптарын сақтау болып табылады.

55. F3K-нің тәжірибелік бұйымдарына ТЖ МемСТ 2.114-70 сәйкес әзірленеді және егер бұйымдарды бір ұйым екіншісіне жеткізетін болса, сапаға, сенімділікке және кіріс бақылауына қойылатын талаптарды қамтиды.

Қауырт элементтерді және қауырт технологиялық процестерді қамтитын, қажет болған кезде, әзірлеу кезінде айқындалатын тәжірибелік бұйымдарға ТЖ сапалы дайындау мен монтаждауды қамтамасыз ететін технологиялық процестерге қойылатын арнайы талаптарды, кіріс бақылауының көлемін, бұйымдар мен қауырт элементтердің және қауырт технологиялық процестердің қосымша диагностикалық және жұмыс қабілетін бұзбайтын бақылауды (немесе

дайындаудың технологиялық процестерін) белгілейді.

56. ТТ берген F3K-нің бұйымдарын әзірлеуші үйымдар осы бұйымдардың СҚБ және басқа құжаттаманың талаптары негізінде жалғаспалы жоспарлаудың жұмыс құжаттарында айқындалған мерзімде F3K-нің көрсетілген бұйымдардың ЭСКБ жасайды, оларды әзірлеуші үйиммен келіседі және тұтастай алғанда F3K-нің бұйымдарын тиісті жасау үшін ұсынады. Осы F3K-ның құрамдас бөліктері, жүйелері, негізгі агрегаттары (құралдары) ЭСКБ, бұдан басқа, тапсырыс берушімен, F3K-ні бас әзірлеуші үйиммен, тапсырыс берушінің бас F3И-мен келісуге жатады.

F3K-ні бас әзірлеуші үйым СҚБ, F3K ПҚҚБ, F3K, F3K бұйымдарына ЭСКБ және басқа конструкторлық құжаттама талаптының негізінде бірлесіп орындаушы үйымдардың (әзірлеушілер мен жасаушылардың) қатысуымен жалғаспалы жоспарлаудың жұмыс құжаттарында белгіленген мерзімде F3K-ні ЭСКБ әзірлейді. Осы бағдарламаны тапсырыс берушінің бас F3И-мен, тапсырыс берушінің нұсқауы бойынша басқа үйымдармен келіседі, одан кейін оны тапсырыс беруші бекітеді.

Бағдарламалар бекітілгеннен кейін осы бағдарламалар бойынша жұмыстар жүргізуге қатысушы үйымдарға күнтізбелік он бес күннен кешіктірілмей жіберіледі.

F3K ЭСКБ оларды келіскенге дейін осы бұйымдардың ЭСКБ бойынша, эксперименттік сынау жүргізуге жол беріледі.

Осы F3K жүйелері құрамдас бөліктерінің ЭСКБ осы бұйымға ТТ-ны келіскен тапсырыс берушінің үйымдарымен келісілуге жатады.

ЭСКБ құрамында бөлек бөліммен (кітаппен) технологиялық процестерді эксперименттік сынау бағдарламаларын шыгаруға жол беріледі, оны технология және материалтану бағыттары бойынша бас F3И-мен, қажет болған кезде тәжірибелік бұйымдарды жасаушылармен келісіледі.

57. F3K (құрамдас бөлігінің) ЭСКБ мына:

1) АС, КС, және ҰС ұшырайтын бұйымдардың (оның ішінде қауырт элементтері бар барлық бұйымдар) тізбесі мен құрамын;

2) АС, КС, және ҰС жүргізген кезде сынаулардың мақсаттары мен міндеттерін, оларды орындау тәртібі мен дәйектілігін;

3) конструкторлық-технологиялық және басқа макеттер мен тәжірибелік үлгілерде конструкторлық және технологиялық құжаттама жиынтықтарын сынаудың тәртібі мен көлемін;

4) жаңа технологиялық процестерді (оның ішінде жаңа физикалық және химиялық қағидаттарды, бұйымдарды дайындау мен бақылаудың әдістерін, сондай-ақ қын технологиялық процестер мен операцияларды қолдануға негізделген), технологиялық процестердің дәлдігі мен тұрақтылығын, тиісті

технологиялық жүйелер мен F3K бұйымдарының сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында эксперименттік расталуға немесе нақтылануға тиіс сипаттамалары мен режимдері сынаудың тәртібі мен көлемін;

5) қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес айқындалған АС және КС түрлері (жылу, жылу-вакуумдық, от (қозғалтқыш құрылғылары үшін), электр, төзімді, вибротөзімді, акустикалық, динамикалық, пневмогидравликалық, ресурстық, механикалық, климаттық сынақтар және т.б.), сенімділікке қойылатын талаптардың орындалуын есепке ала отырып, сынаулардың түрлері мен кезеңдері бойынша бөлінген бұйымдардың саны, сынаулардың санын;

6) бірге жүретін (сабактас) агрегаттардың (құралдардың) және жүйелердің әзірлеуші ұйымдар айқындаған электрлік қолданылатын және басқа макеттерде әртүрлі ықпал етуші факторлардың бір уақыттағы имитациясы кезінде өзара жұмыс істеуін сынаудың тәртібі мен көлемін;

7) экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қолданылатын, оның ішінде авариялық жағдайларды жою үшін қолданылатын техникалық құралдарды сынаудың тәртібін;

8) негізгі пайдалану талаптарын сынау мен растаудың, сондай-ақ жұмыстарды кезеңдері бойынша бөле отырып, пайдалану құжаттамасын сынаудың тәртібі мен көлемін;

9) бұйымдардың жұмыс істеуі үшін қажетті математикалық және ақпараттық қамтамасыз етуді (алгоритмдерді, бағдарламаларды), оның ішінде борттағы есептеу машиналарын ұшуда, сондай-ақ ұшуды, жасаушы ұйымдарда және пайдаланушы ұйымдарда зымырандарды, тасымалдағыш зымырандарды, ғарыш аппараттарын автоматтандырылған басқару жүйелерін сынау тәртібі мен көлемін;

10) құрамын нақтылау жөніндегі жұмыстарды және бұйымдардың бақыланатын параметрлерінің жол берілетін ауытқуларын қоса алғанда, F3K мен оның бұйымдарын метрологиялық қамтамасыз ету іс-шараларын іске асыру, сондай-ақ өлшеу әдістерін метрологиялық аттестаттау тәртібін;

11) бағдарламалар тізбесін, сынауды жүргізу әдістемелерін және нәтижелерін бағалауды;

12) сынау, өлшеу құралдарының (стендтердің, жабдықтардың, өлшеу жүйелерінің) тізбесін, олардың дәлдігі бойынша негізгі талаптарды және ақпаратты өндөу құралдарының тізбесін, сынаулар мен өлшеулерге қатысатын персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды;

13) жерусті сынау кезінде бұйымдардың жұмыс істеуінің нақты шарттарын барынша имитациялауды қамтамасыз ету және бұйымдармен жұмыс істеуге рұқсат етілген шекті (экстремалды) режимдерінде сынауды жүргізу жөніндегі талаптарды;

14) сынау объектілерін, жабдықтарды, құжаттаманы жеткізу тәртібін;

15) АС пен КС және олардың түрлері бойынша есептілікті;

16) арнайы сынауларға (оның ішінде ұзақ жұмыс істейтін бұйымдарға арналған ресурстық немесе кезең-кезеңмен ресурстық сынауларға, ұзақ сақталатын сынауларға және т.б.) арналған арнайы бағдарламалардың тізбесін қ а м т и д ы .

ҒЗК (құрамдас бөлігінің) ЭСКБ міндетті түрде орындалуымен көзделген жерүсті сынауы ҒЗК ҰС басталғанға дейін оң нәтижелермен аяқталуы тиіс.

Қабылдау сынауларының үлгілері алдын ала сынаудан өтуі тиіс.

58. ҒЗК-нің ЭСКБ (ҒЗК-нің бұйымдарына ЭСКБ) белгіленген сынау түрлеріне әзірлеуші үйымдар ҒЗК бұйымдарын сынаудың жеке бағдарламаларын ә з і р л е й д і .

Егер сынаулар басқа үйымдардың сынау базасында жүргізілсе, онда көрсетілген бағдарламаларды осы үйымдармен келіседі.

Жаңа технологиялық процестерге сынау өткізу үшін жасаушы үйымдар және әзірлеуші үйымдар жеке сынау бағдарламаларын әзірлейді.

Бұдан басқа, құрамдас бөліктерді, негізгі жүйелерді, агрегаттарды (аспаптарды) олардың КС өткізуге арналған сынаудан өткізу бағдарламалары ТТ берген үйиммен, қажет болған кезде осы сынауларға қатысушы үйымдармен және бас әзірлеушінің шешімі бойынша немесе тапсырыс берушімен бірлескен шешім бойынша келісілуге жатады (сынаулардың көлемінің толықтығы және ықпал ететін факторлар имитациясының бөлігінде).

Сынау бағдарламалары сынаудан өткен және тозудың әр түріне ұрынған бұйымның ақауы туралы талаптарды, сондай-ақ осы жұмыстың тәртібі мен орындау көлемін қамтуы тиіс. Ақау салдары сынаулар бойынша есептерде к е л т і р л е д і .

ЭСКБ көзделген технологиялық процесті сынаудан өткізуді аяқтауды бұйымды әзірлеуші үйиммен, жасаушы үйиммен келісіледі.

59. Пайдалану құжаттамасын әзірлеу жалғаспалы жоспарлаудың жұмыс құжаттарында белгіленген мерзімдерде пайдалану құжаттамасының тізбелері бойынша жүргізледі.

4. ҒЗК-ні (ҒЗК-нің тәжірибелік бұйымдарын) жасау және оларды жерүсті өндіу тәртібі

4.1. ҒЗК-нің тәжірибелік бұйымдарының сапасы мен сенімділігін қамтамасыз ету жөніндегі жалпы ережелер

60. F3K және олардың бұйымдарына жерүсті өндеуден өткізу кезінде мынадай сынаудан өткізу, жеткізу және есептілік тәртібі жүзеге асырылады:

1) F3K ЭСКБ және F3K бұйымдарының ЭСКБ көзделген мөлшерінде F3K-ге және оның бұйымдарына сынау өткізу осы Қағидалардың 58-тармағына сәйкес тиісті сынау бағдарламалары бойынша жүргізіледі;

2) анағұрлым ірі құрылым бұйымдарының құрамындағы (тұластай F3K-ға дейін) жерүсті сынауына арналған құрамдас бөліктің, жүйенің, агрегаттың (аспаптың) жеткізілімі нәтижелері тиісті есеппен (актімен) ресімделуі тиіс бұдан бұрынғы жоспарланған сынаулар сәтті аяқталғаннан кейін рұқсат етіледі;

3) F3K ЭСКБ (F3K бұйымдарының ЭСКБ) көзделген F3K тәжірибелік бұйымдарының барлық АС аяқталу нәтижелері бойынша F3K-нің осы тәжірибелік бұйымдарын әзірлеуші ұйымдар АС аяқталғаннан кейін бір айлық мерзімде есептерді шығарады;

4) F3K ЭСКБ (F3K бұйымдарының ЭСКБ) көзделген құрамдас бөліктердің, негізгі жүйелердің, агрегаттардың (аспаптардың) барлық КС аяқталуы нәтижелері бойынша әзірлеуші ұйымдар КС аяқталғаннан кейін бір айлық мерзімде осы Қағидалардың 58-тармағында көрсетілген есептерді шығарады, оларды бағдарламаларды келіскең бірлесіп орындаушы ұйымдармен келіседі. Есепті көрсетілген F3K бұйымдарын әзірлеуші ұйымдардың және сынауларға қатысқан ұйымдардың басшылары бекітеді.

Бұйымды анағұрлым ірі құрылымның бұйым құрамында сынаудан өткізу құрамдас бөліктерге есептерді келісkenнен және бекітkenнен кейін жүргізіледі.

61. Жерүсті өндеу үшін F3K-нің тәжірибелік бұйымдарын шығару конструкторлық жұмыс құжаттамасы бойынша, оның ішінде осы бұйымдарға арналған ТЖ және тиісті технологиялық құжаттама бойынша жүзеге асырылады.

62. Мамандандырылған монтаждау ұйымдарының жасаушы ұйымдарда тәжірибелік өндірісті дайындау және монтаждау объектісінде монтаждау жұмыстарына дайындау, тәжірибелік өндірісті дайындау жоспарлары мен монтаждау жұмыстарына дайындық жоспарлары бойынша жүргізіледі.

Ұйымдар бұл жоспарларды жалғаспалы жоспарлаудың жұмыс құжаттарында белгіленген мерзімдерде әзірлейді. Жоспарларды ұйымдардың басшылары бекітеді.

Жоспарларда:

1) шығаруышының F3K-нің тәжірибелік бұйымдарына конструкторлық құжаттаманы (оның ішінде ТШ) пысықтау, сондай-ақ конструкторлық құжаттаманы технологиялық талдау;

2) жинақтайтын бұйымдарға, жартылай өнделген өнімдерге, материалдарға кіріс бақылау бойынша нұсқалықтарды әзірлеуді қоса алғанда, F3K-нің тәжірибелік бұйымдарын жасаушы ұйымда шығаруға, сынауға, технологиялық

жұмыс құжаттамасын (директивалық технологиялық құжаттамасын есепке ала отырып) әзірлеу, монтаждау объектісінде бұйымдарды монтаждау және шығару сапасын бақылау;

3) бұйымдарды конструкторлық-технологиялық сынақ өткізу үшін материалдық бөліктерді шығару;

4) әзірлеуші үйымдармен бірлесіп қауырт технологиялық процестер мен операциялар тізбесін жасау;

5) әзірлеуші үйым айқындаған конструкторлық-технологиялық және басқа да макеттерді шығару;

6) технологиялық процесс операциясының орындалуы туралы, оларға орындаушылардың, бақылаушылардың, лауазымды тұлғалардың қол қоюмен, операциялық кезеңді бақылау бойынша белгі қойыла отырып, технологиялық төлкүжат ресімделетін F3K бұйымдарының тізбесін жасау;

7) конструкторлық және технологиялық құжаттамада көзделген шарттарды (келісімшарттарды), оның ішінде жинақтайтын бұйымдарды (агрегаттарды, аспаптарды, ЭРБ, жинақтаушы элементтерді), материалдар мен жартылай фабрикаттарды, арнайы бақылау-тексеру жабдықтарын (аппаратураларды) және өлшеу құралдарын жеткізуге, сондай-ақ монтаждау жұмыстарын жүргізуге шарттарды жасау;

8) қажетті технологиялық, өндірістік және сынақ жабдықтарын дайындау;

9) өндірістік және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша іс-шаралары;

10) F3K-нің тәжірибелік бұйымдарының шығаруын және монтаждау объектісінде монтаждау жұмыстарды мен олардың бақылауын өткізуін қамтамасыз ету үшін қажетті нұсқаулықтар мен әдістемелер әзірлеу;

11) бұйымдардың түйістірілуі, сондай-ақ механикалық, пневматикалық, гидравликалық, электрлік және радиоэлектрондық жүйелердің жұмыс істеуі және олардың параметрлерін тексерілуі болғанда, технологиялық стендердің құру;

12) қажет технологиялық жабдықтардың, өлшеу құралдардың және бақылау-сынау аппаратурасының жобалауын, шығаруын және сатып алу;

13) өндірісті метрологиялық қамтамасыз ету бойынша іс-шаралары;

14) бұйымдарды ақаусыз шығаруды қамтамасыз ету және материалдық ынталандыру бойынша іс-шараларын қарастыру;

15) технологиялық тәртіпті бақылау және оны сақтау бойынша іс-шараларды өзірлеу;

16) жұмыс істейтіндердің денсаулығын сақтау және қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралары қарастырылады.

F3K тәжірибелік өнімдерін шығаруға тәжірибелік өндірістің дайындығы актімен (немесе басқа құжатпен) ресімделеді.

Технологиялық процестердің құжаттамасын қоса алғанда, технологиялық құжаттаманы әзірлеуде, технологиялық процестердің ажырамас бөлігі ретінде техникалық бақылау жүйесін (бақылау объектілерін, бақыланатын операциялардың тізбесін және олардың орындалу реттілігін, осы операциялардың техникалық жарақтандыруын, режимдерді, әдістерді, бақылауды механикаландыруды мен автоматтандыруды және жүйенің басқа да жиынтықтарын) әзірлеу (анықтау) қажет.

Конструкторлық құжаттама талаптары негізінде және бұйымдарды шығару сапасына тиімді бақылауды қамтамасыз ету шарттарына сүйене отырып технологиялық стендтерді құру қажеттілігін әзірлеуші ұйымдар анықтайды.

Сынақ (монтаж) нысанындағы монтаждау жұмыстарының дайындық жоспарларын сынақ, пайдалануши ұйымымен келіседі.

63. Жиынтықтаушы бұйымдардың (агрегаттардың, аспаптардың, ЭРБ, жиынтықтаушы элементтердің) материалдардың және жартылай фабрикаттардың барлық номенклатурасын әзірленген конструкторлық құжаттамасына және кіріс бақылауының нұсқаулықтарына сәйкес кіріс бақылауды

салады.

ЭРБ, жиынтықтаушы элементтердің, агрегаттардың (аспаптардың) коопeração бойынша жеткізілетін кіріс бақылауы жөніндегі нұсқаулықтарды осы бұйымдарды әзірлеуші ұйымдармен бірлесіп жасаушы ұйымдар әзірле, тұтынушы ұйымдармен келіседі.

Бұйымдардың кіріс бақылауы жөніндегі нұсқаулықтар жасаушы ұйымдағы және тұтынушы ұйымдағы бақылау әдістері мен құралдарының сәйкестігін көздеуге тиіс. Тұтынушы ұйымда аталған әдістер мен құралдардың айырмашылықтары болған кезде, олардың қолданылуы жеткізушімен, әзірлеуші ұйыммен келісілуі тиіс.

Сатып алатын ЭРБ, жиынтықтаушы элементтердің, материалдардың және жартылай фабрикаттардың кіріс бақылауы бойынша нұсқаулықтарды тұтынушы ұйымдар әзірлейді. Бұдан басқа, нұсқаулықтар жасаушы ұйымдармен (әзірлеушілермен) мынадай жағдайларда келісіледі, егер:

1) кіріс бақылауында қабылданатын аппаратура мен стендтер өз жүйелері бойынша жасаушы ұйымдардың қабылдау бақылауында қолданылатын ұқсас бұйымдардан ерекше болса;

2) сынақтардың параметрлері, нормалары, режимдері мен әдістері кіріс бақылауында ТЖ көрсетілген сынақтардың параметрлерінен, нормаларынан, режимдерінен және әдістерінен ерекше болса.

Нұсқаулықтар абоненттік есепке қойылуға тиіс. Нұсқаулықтардың өзгерістерін нұсқаулықтар келісілген барлық ұйымдармен келісіледі.

Сатып алатын ЭРБ, жиынтықтаушы элементтердің, материалдардың,

жартылай фабрикадардың кіріс бақылауы бойынша нұсқаулықтар тізбесін тұтынушы үйымдар әзірлейді және тапсырыс берушімен (немесе оның нұсқауы бойынша тапсырыс берушінің үйымымен) келіседі.

64. Егер F3K тәжірибелік бұйымдардың бір үлгісі дәйекті түрде АС, КС өтіп, одан әрі F3K ҰС қатысу үшін есепке қойылатын болса, оның ҰС дайындығы АС және КС нәтижелері бойынша айқындалады.

Аталған үлгінің анағұрлым ірі құрылым құрамына кіретін F3K бұйымдары осы үлгіні жиынтықтау үшін есепке қою алдында осы Қағидалардың талаптарына сәйкес алдын ала сынақтан өтеді.

65. F3K бұйымдарын әзірлеуші үйымдар мен жасаушы үйымдар анағұрлым ірі құрылымдағы F3K бұйымдардың АС және КС тұтас F3K-ге дейін қатысады, жүргізілген сынақтардың нәтижелері бойынша өз бұйымдардың түзетуін шүғыл түрде жүргізіп, ҰС басталғанға дейін осы түзетулерді есептік-теориялық және (немесе) эксперименттік жұмыстардың нәтижелерімен дәлелдеп, олар тиісті қорытынды есептерге енгізіледі.

66. F3K бұйымдардың барлық әзірлеуші үйымдар өндіріс және жерусті өндеуі процесінде F3K бұйымдардың орындаушы үйымдарда авторлық қадағалауды жүзеге асырады.

Әзірлеуші үйымдар мен жасаушы үйымдар бұйымдардың шығару мен сынақ нәтижелерін талдап, әзірленген конструкторлық құжаттамасына түзетулерді енгізу үшін статистикалық деректерді жинақтайды.

67. F3K тәжірибелік бұйымдарын әзірлеуші үйымдар мен жасаушы үйымдар алдағы уақытта бұйымдар үздіксіз шығарылатын жасаушы үйымдардың өкілдеріне үздіксіз өндірістегі бұйымдардың технологиялығына талдау жүргізу үшін тәжірибелік өндіріс технологиясымен және конструкторлық құжаттамасымен танысуға тиісті қорытындыларды (актілерді) беру мүмкіндігін береаді.

Алдағы уақытта F3K бұйымдары топтама болып шығарылатын жасаушы үйымы:

- 1) директивалы технологиялық құжаттаманы талқылайды;
- 2) жаңа технологиялық процестер сынақтан өткізуге қатысады (келісім бойынша);
- 3) бұйымды жасаушымен бұйымның өндірістік технологиялығын және оның топтамалық жарамдылығын (үйымдағы игерілген технологиялық процестерді, технологиялық жабдықтарды, жараптарды, аспаптарды, бақылау мен сынақтардың құралдарын пайдалануды есепке ала отырып) қамтамасыз ету бойынша өз ұсыныстарын, сондай-ақ үйымда қолданылатын стандарттардың және басқа техникалық құжаттардың қолданылуын келіседі;
- 4) технологиялық жабдықты жобалауға (талқылауға), қажет болған кезде, ТТ

әзірлеуді қоса алғанда, өндірістік және сынақ базаларын дайындау және оларды техникалық қайта жарактандыру бойынша жұмыстарды жүргізеді.

68. КС және ҰС үшін арналған тәжірибелік бұйымдардың шығарылған және қабылданған талқылауларды өзгерістер туралы хабарландырулар бойынша түзетілген конструкторлық құжаттама және тиісті технологиялық құжаттама бойынша жүргізеді. Өзгерістер туралы хабарландыруды әзірлеуші ұйыммен келіседі.

F3K-нің басқа бұйымдардың талқылауына, немесе пайдалану құжаттамасында айтылған ТТ немесе шарттардың өзгерілуіне әкеліп соқтыратын талқылаулар, тәжірибелік бұйымдар құжаттамалардың өзгерілуі туралы хабарландырулар қосымша ТТ берген ұйымымен және тапсырыс берушімен (немесе оның нұсқауы бойынша тапсырыс берушінің ұйымымен) келісіледі.

69. Жасаушы ұйымдар F3K-ң бұйымдарын жасау кезінде конструкторлық және технологиялық құжаттамасында әзірлеушімен келісілген жасаушы ұйымының нормативтік құжаттамасына сәйкес қателер есебін жүргізеді.

Жасаушы ұйымдар мен әзірлеуші ұйымдар оларға қатысты бөліктерде құжаттамадағы қателіктер себептерін талдайды, талдау нәтижелері бойынша осы себептерді жою бойынша шаралар қолданады және сынақтың кейінгі кезеңдері үшін бұйымдарды жеткізгенге дейін аталған шаралардың орындалу бақылауын жүзеге асырады. Талдау нәтижелер және қолданылған шаралар жыл сайынғы

есептерде келтіріледі.

70. F3K бұйымдардың конструкторлық құжаттамасының өзгерістерін бақылау үшін, тұпнұсқалардың ұстаушылары болып табылмайтын, жасаушы ұйымдарда конструкторлық құжаттаманың толық жинағының есепке алынған бір бақылау данасы болуы тиіс. Өзгерістерді бір мезгілде конструкторлық құжаттаманың толық жинағының екі бақылау данасына (немесе тұпнұсқаға, егер жасаушы ұйым ұстаушы болып табылса) енгізеді.

71. F3K бұйымдарының сыйбалардан және ТЖ-дан ауытқуы болмауы тиіс. Ерекшелік ретінде, сапасын және сенімділігін төмендетпейтін, сондай-ақ берілген бұйымдардың параметрлеріне ықпал етпейтін ауытқушылықтарға жол беріледі. Бұл ауытқушылықтарды жасаушы ұйым рұқсат карточкаларымен ресімдейді, олар сапа бойынша ұйым басшысының орынбасарымен келісіледі, жасаушы ұйымының бас инженері (оның орынбасары) бекітуі тиіс.

Бір мезгілде рұқсат карточкасында бұйымының сапасына және сенімділігіне әсер етпейтін туралы, бұйымды одан әрі нысаналы пайдалануға жіберу туралы қорытындыны қоса алғанда, қабылданған ауытқудың негіздемелері, сондай-ақ ауытқу себептерінің қайталануын болдырмау бойынша іс-шаралар келтірілген

болуы тиіс.

Жасаушы ұйымдар жіберілген ауытқушылықтардың тізбесін жасайды,

олардың көшірмелері (олардан жекелеген үзінділер) бұйымдардың формулярларына (төлкүжаттарына) енгізіледі. Тізбеке (оның үзіндісіне) ұйымының басшысы (бас инженері), сапа бойынша басшысының орынбасары қол қояды. Жіберілген ауытқушылықтар ведомосының түпнұсқаларын жасаушы ұйымдар бұйымдардың пайдаланылуы аяқталғанға дейін сақтайды.

72. Кіріс бақылауда, осы бұйымдарды дайындау және оларды нысаналы қолдану процесінде ТШ (ССТ, МЕМСТ) айтылған талаптардан ауытқушылықтар, сатып алатын жиынтықтаушы бұйымдардың (агрегаттардың, аспаптардың, ЭРБ, жиынтықтаушы элементтердің) ақаулықтары мен бас тартулары, материалдар мен жартылай фабрикаттардың кемшіліктері анықталған кезде материалдар мен жартылай фабрикаттар жарамсыз болып шығарылады және оларға рекламациялық актілер жасалынады. Ұйымдар жарамсыздық себептерін жою жөніндегі іс-шаралардың іске асыруын және зерттеу жүргізуін қамтамасыз етеді.

Жиынтықтаушы бұйымдардың, жартылай фабрикаттар мен материалдардың топтарында таңдау кіріс бақылаудың жүргізу процесінде бас тартулар, ақаулықтар, кемшіліктер және ТШ (ССТ, МЕМСТ) белгіленген нормалардан ауытқушылықтар анықталған кезде, барлық топты тұтас бақылауға алады немесе тұтас бақылау техникалық жағынан мүмкін болмаған немесе экономикалық жағынан қысынсыз болған жағдайда жарамсыз болып табылады. Тұтас бақылау кезінде жаңа бас тартулар, ақаулықтар, кемшіліктер және ауытқушылықтар анықталған кезде, барлық топ жарамсыз болып табылады.

Тұтынушы ұйым ТТ бойынша әзірленген F3K тәжірибелік бұйымдарында ТШ-да немесе басқа конструкторлық құжаттамада айтылған талаптардан ауытқушылықтарды, бас тартулар мен ақаулықтарды анықтаған жағдайда ұйым ақаулықтар туралы хабарламаны және зерттеу актілерін жасайды. Ақаулықтардың себептерін зерттеу және F3K бұйымдарына пысықтау немесе жөндеу жүргізу тәртібі мен мерзімдері F3K бұйымын әзірлеуші мен жасаушының, ТТ берген ұйымының, тұтынушы ұйымының бірлескен шешімімен анықтайды.

73. Тәжірибелік бұйымдарды өндіру кезінде материалдарды, жартылай фабрикаттарды, жиынтықтаушы бұйымдарды есепке алу, сақтау және өндіріске беру есебі ұйымдастырылған болу тиіс, сондай-ақ сынак, технологиялық және бақылау-тексеру құралдардың тексерісі және аттестациялауы ұйымдастырылады.

74. ТТ берген әзірлеуші ұйымдар бірлесіп орындаушы ұйымдардың бұйымдарына жерүсті өндеуін, СҚБ, ҚҚБ, ЭПКБ, аралық жоспарлаудың жұмыс құжаттарында көзделген жұмыстарды толық және жеткілікті дәрежеде жүргізуіне, олардың бұйымдарын сынаққа жеткізу тәртібінің сақталу бақылауын жүзеге асырады.

75. Әзірлеуші ұйымдар пайдаланушы ұйымға (ғарыш айлағына) бұйымдар жеткізілгенге дейін екі ай бұрын ғарыш айлағына (монтаждау объектісіне) F3K

ҰС (оның бұйымдарын) дайындау, оған үшу сынауларын жүргізу және сынақ нәтижелерін бағалау үшін қажетті конструкторлық (оның ішінде математикалық қамтамасыз ету бойынша және пайдалану) және технологиялық құжаттаманы жібереді. Пайдаланушы үйім осы құжаттаманы алғаннан кейін ҰС қатысушы тәжірибелік бұйымының данасына қатысты өзгеріс енгізу F3K (F3K-нің құрамдас бөлігіне) тапсырыс берушінің рұқсатымен жүзеге асырылады.

4.2. Дербес сынақтар және жұмыс құжаттамасын түзету

7 6 . А С м а к с а т ы :

1) әртүрлі ықпал ететін факторлардың имитациясымен бір мезгілде шынайыға жақын (оның ішінде рұқсат етілген шекті экстремалды режимдерде) жағдайларда F3K-нің жекелеген тәжірибелік бұйымдарын сынақтан өткізу және жұмыс істеуін тексеру;

2) қауырт элементтердің, ЭРБ және жиынтықтаушы элементтердің сенімсіз бұйымдарын және жарамайтын режимдерін және жұмыс жағдайларын анықтау және жою;

3) жұмыс қабілетінің шегін (қорларын) анықтау, сынақ нәтижелері бойынша ТТ талаптарына F3K тәжірибелік бұйымдардың сипаттамаларының сәйкестігін бағалау;

4) конструкторлық құжаттаманы түзету және оған «О» литерін беру (тек КС өткізілетін бұйымдарға «О» литерін бере отырып, конструкторлық құжаттаманы түзету осы сынақтардың нәтижелері бойынша жүргізіледі);

5) жаңа технологиялық процестерді сынақтан өткізу болып табылады.

77. ТТ берілген барлық жаңадан құрылатын, жаңғыртылатын, пысықталатын бұйымдар, сондай-ақ жұмыс істеу жағдайлары өзгерген және бекітілген ТТ-ға толықтырулар берілген кірме бұйымдар АС-қа ұшырайды.

АС жұмыс конструкторлық және технологиялық құжаттама бойынша дайындалған бұйымдарға рұқсат етіледі.

78. F3K-нің және АС-ты тәжірибелік бұйымдарын жасау процесінде әзірлеуші үйимдар :

1) осы Қағидалардың талаптарына сәйкес әзірлеушілер белгіленген конструкторлық-технологиялық және қолданыстағы ұлгілердің, сондай-ақ ҰС үшін бұйымдарды (жеткізілімдерді, егер бұл ТТ, ТТ айқындалса) жасалғанға дейін, сынақ үшін арналған F3K-ні тәжірибелік бұйымдардың конструкторлық (оның ішінде пайдалану) құжаттамасын тексереді (өндейді);

2) қажет болған кезде, директивалық технологиялық құжаттамаға түзету жүргізді;

3) жасаушы үйімінің қатысуымен АС-ты макеттеу, дайындау және өткізу

нәтижелері бойынша конструкторлық құжаттаманың түзетуін жүргізеді, оған түзетуден және тексергеннен кейін «О» литері беріледі. Әзірлеуші ұйым литердің берілгені туралы өз абоненттеріне хабарлайды;

4) ТЖ айтылмаған режимдерде және жағдайларда ЭРБ және жиынтықтаушы элементтердің пайдалануын қосымша (қажет болған жағдайда) келіседі.

Әзірлеуші ұйымдар жасаушы ұйымдармен бірлесіп, Технологиялық құжаттаманың бірыңғай жүйесінің (бұдан әрі – ТКБЖ) стандарттарына сәйкес тиісті liter бере отырып, технологиялық құжаттамаға тиісті түзету жүргізеді.

Жасаушы ұйымдар осы Қағидалардың 50-тармағына сәйкес сериялық (жеке) өндіріс (одан әрі сериялық және жеке өндірісте дайындалатын бұйымдар үшін) технологияның алдын ала талқылауын жүзеге асырады және технологиялық құжаттаманы

п ы с ы қ т а й д ы .

79. АС кезіндегі F3K-нің тәжірибелік бұйымдарының жеткіліктілігі осы кезеңде таңдап алынған, F3K ЭӨКБ (F3K бұйымдарын ЭӨКБ) айқындалған көлемінде, КС ауысу үшін негіз болып табылатын осы Қағидалардың 60-тармағына сәйкес есептің шығарылуымен, соңғы орындалуындағы және штаттық жиынтығындағы осы бұйымдар сынақтарының оң нәтижелерімен расталуы тиіс.

Осы кезеңдегі сынақ жеткіліктілігі, сондай-ақ ресурстық сынақтармен расталады, бұйымдардың тізбесі F3K ЭӨКБ (F3K бұйымдардың ЭӨКБ) айқындалады.

4.3. Кешенді сынақтар және жұмыс құжаттамаларын түзету

80. К С - т і н м а қ с а т ы :

1) F3K-н бұйымдарын бірлесіп сынау және әртүрлі әсер ету факторларын бір мезгілде ұқсатып отырып, шынайылыққа жақын жағдайларда олардың өзара жұмыс істеуін (оның ішінде рұқсат етілген шекті (экстремалдық) режимдерде) тексеру; борттық және жерүсті есептеу машиналарына арналған бағдарламаларды және алгоритмдерді пысықтау, түйіндес (сабактас) жүйелердің, агрегаттардың (аспаптардың) қызылсызларындағы конструкторлық және өндірістік ақауларды анықтау және жою;

2) бұйымдарды жасау технологиясының сынағын, жеткіліктілігін және сапа бақылауының тиімділігін (оның ішінде қауырт элементтерді), жеткіліктілігін және сынау жабдығын және бақылау-өлшеу құралдарын тандауын тексеру және сериялық дайындау технологиясының сынауы (одан әрі сериялық түрде жасалатын бұйымдар үшін);

3) конструкторлық (оның ішінде пайдалану) және технологиялық құжаттаманы одан әрі сынау;

4) осы сынақтарды жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ескере

отырып, жерүсті жағдайларында техникалық түрде жүзеге асыру мүмкін болатын авариялық жағдайды имитация кезінде бұйымдардың жұмыс қабілетін тексеру;

5) F3K TTT, TT және ТЖ (олар болған жағдайда) тәжірибелік бұйымдардың сипаттамаларының сәйкестігін алдын ала бағалау, оның ішінде TTT-да, TT-да белгіленген тәртіппен және сенімділікті қамтамасыз ету бағдарламасында айқындалған көлемінде сенімділікке қойылатын талаптарын орындау, сондай-ақ бұйымдар жұмысының берілген ресурстарының (ресурстық сынақтары арнайы бағдарламалар бойынша жүргізілетін бұйымдардан басқа) қамтамасыз етілуін

алдын ала бағалау;

6) конструкторлық және технологиялық құжаттама жиынтығының толықтығын және сынау дәрежесін тексеру;

7) ҰС бағдарламасына сәйкес оларды F3K құрамында сынау үшін F3K бұйымдарын техникалық дайындығын анықтау болып табылады.

81. «О» литері бар (АС жоспарланбаған бұйымдарды қоспағанда) конструкторлық құжаттама және ТЖ-да мен тиісті сынау бағдарламаларда көзделген көлемінде сынақтардан өткен тиісті технологиялық құжаттама бойынша дайындалған (түзетілген) F3K бұйымдары КС-қа жіберіледі.

82. F3K-н бұйымдарын әзірлеуші ұйымдар және F3K әзірлеуші бас ұйым КС процесінде:

1) КС нәтижелері бойынша конструкторлық құжаттамасына және борттық пен жерүсті есептеу машиналарының материалдық қамтамасыз етуіне түзету жүргізді;

2) АС жоспарланбаған бұйымдарға конструкторлық құжаттаманың «О» литерапін бере ді;

3) пайдалану құжаттамасын сынақтан жүргізеді және қосымша пайдалану құжаттамасын (қажет болған кезде) шығарады;

4) қорытындыларды келісу және беру үшін конструкторлық құжаттаманы ұснады;

5) авариялық жағдайлардың тізбесін және олардан шығу тәртібін пысықтайты (нактылайды);

6) ҰС жүргізу және нәтижелерін бағалау әдістемесін, оның ішінде TTT, TT талаптарына F3K мен оның бұйымдар сипаттамасының сәйкестігінің бағалауын әзірлейті.

83. F3K-нің тәжірибелік бұйымдарын әзірлеуші ұйымдар осы бұйымдардың ЭПКБ сәйкес жасау және эксперименттік сынау нәтижелері бойынша F3K бұйымдарының ҰС дайындығы туралы қорытынды есептерді шығарады.

84. ҰС F3K (оның бұйымдарының) дайындығы туралы қорытынды есеп:

1) F3K мен оның бұйымдарының СҚБ, F3K ПҚҚБ, оның құрамдас бөліктері мен жүйелерін ПҚҚБ, F3K ЭПКБ (F3K бұйымдарын ЭПКБ) көзделген

жұмыстарды орындау бағалаудың және жинақталған нәтижелерін;

2) құрамдас бөліктердің, жүйелердің, негізгі агрегаттарды (аспаптардың) негізгі техникалық (тактикалық-техникалық) және пайдалану сипаттамаларының эксперименттік сынау нәтижелері бойынша нақтыланған мәндерін және осы мәндердің ТТТ-ға, ТТ-ға сәйкестігін алдын ала бағалауды;

3) борттық есептеу машиналардың, сондай-ақ ұшуды, сынақтарды және жасаушы ұйымдарда және пайдаланушы ұйымдарда бұйымды дайындауды бақылауды басқарудың ақпараттық жүйелерінің математикалық және ақпараттық қамтамасыз етудің (алгоритмдерді, бағдарламаларды) сынақ жеткіліктілігін және алдын ала бағалауды;

4) F3K бұйымдарын жасау және алдын ала сынау кезінде эксперименттік пысықтау процесінде орын алған істен шығудың, ақаулардың, ауытқышылдықтардың, сондай-ақ шаралардың тиімділігі мен жеткіліктілігін бағалау арқылы қорытылған деректерді, істен шығудың, ақаулардың, ауытқышылдықтардың себептерін жою жөніндегі қабылданған шараларды көрсете отырып, жарнамалық актілердің тізбесін;

5) нобайлық жобада келтірілген схемалық және конструктивті шешімдерден ауытқуларды сипаттаудың мен олардың себептерін;

6) АС, КС және алдын ала сынау нәтижелері бойынша бұйымдардың негізгі конструкторлық сынаулардың тізбесін, осы сынаулар тиімділігіні және жеткіліктілігін бағалауды, сондай-ақ бұйымдардың эксперименттік сынау нәтижелері бойынша құжаттардың сынау мен түзету толықтығын бағалауды;

7) F3K бұйымдарының жұмыс ресурсына берілген талаптардың орындалудың бағалауды (ресурстық сынау арнайы бағдарлама бойынша жүргізетін ұзак жұмыс істеу бұйымдары үшін алдын ала бағалауды) қоса алғанда, қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес сынақтардың нәтижелері бойынша F3K және F3K бұйымдарының сенімділігіне ТТТ, ТТ берілген талаптардың орындалудың алдын ала бағалауды;

8) экологиялық және өнеркәсіп қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша іс-шаралардың жеткіліктілігінің және негізділігінің бағалаудың қоса алғанда, F3K, оның құрамдас бөліктерінің және жүйелерінің сынау және пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша материалдардың кешенді талдаудын;

9) пысықталмаған (тексерілмеген) техникалық сипаттамалардың, жүргізілмеген конструкторлық сынақтарының (егер мұндайлар болса) тізбесін, қабылданған тәртібін және сынау (тексеру) мерзімін;

10) сынақтардың нәтижелері бойынша ЭРБ (оның ішінде шетелде өндірілген егер мұндайлар пайдаланылған болса,) пайдалану дұрыстығын, сондай-ақ олардың жұмыс режимдерінің, оларға ТЖ айтылған режимдерге сәйкестігінің бағалаудын;

11) F3K мен оның бұйымдарының стандарттау мен сәйкестендірудің нақты деңгейінің бағалауын (оның ішінде өлшеу және тексеру аппаратуrasesы, бақылау өдістері);

12) эксперименттік сынау кезінде пайдалану құжаттамасының әзірлеу мен сынау толықтығын және сынауды бағалауды;

13) сынау нәтижелері бойынша конструкциялар, құрылыштар мен жабу материалдарын қолданудың дұрыстығын бағалауды;

14) технологиялық процестердің, оның ішінде F3K қауырт және технологиялықтың, оның ішінде бұйымдардың қауырт элементтерінің дайындау сапасының бақылау сынауын бағалауды;

15) өндіру және сынау процесінде метрологиялық қамтамасыз етудің нобайлық жобада, кешенді эксперименттік пысықтаудың кешенді бағдарламасында (F3K бұйымдарын эксперименттік пысықтаудың кешенді бағдарламаларында) айқындалған іс-шаралардың жеткіліктілігін және т о л ы қ т ы ғ ы н бағалауды;

16) авариялық жағдайдан шығу бойынша тізбесі осы Қағидалардың 45-тармағында айқындалған іс-шаралар сынауларын бағалауды;

17) F3K, оның құрамдас бөліктерін, жүйелерді, агрегаттарды (аспаптарды) эксперименттік пысықтаудың жеткіліктігі мен толықтығы және олардың ҰС техникалық дайындығы туралы қорытындыны қамтиды.

F3K ҰС басталғаннан кейін аяқталатын бұйымдардың сынау нәтижелері бойынша, сондай-ақ бұйымдардың ұшу қамтамасыз етуінде қосымша эксприменттік жұмыстардың нәтижелері бойынша қорытынды есептер сияқты, сол тәртіппен, қорытынды есептерге қосымша шығару қажет.

85. F3K бас әзірлеуші ұйым ҰС басталғанға дейін бір айдан кешіктірмей, мемлекеттік тапсырыс берушіге (тапсырыс берушіге), өнеркәсіптің бас F3И-ға, тапсырыс берушінің шешімі бойынша басқа ұйымдарға олар F3K және оның негізгі бұйымдарының ҰС әзірлігі туралы қорытындылар беру үшін кешеннің ҰС әзірлігі туралы қорытынды есепті береді.

F3K ҰС әзірлігі туралы қорытынды есептерді кешенді әзірлеуші ұйымдар ұшу сынаулары басталғанға дейін бір жарым айдан кешіктірмей, F3K жүйелерінің, агрегаттарының, құрамдас бөліктерінің ҰС әзірлігі туралы жеке қорытындылар беру үшін тапсырыс берушіге, бас F3И-дің өздеріне қатысты бөліктегі бағыттары бойынша, ТТ берген бас әзірлеушіге, тапсырыс берушінің және F3K бас әзірлеушінің бірлескен шешімі бойынша басқа ұйымдарға береді.

F3K жүйелерінің, агрегаттарының, құрамдас бөліктерінің ҰС әзірлігі туралы жеке қорытындыларды тапсырыс беруші бас F3И-мен ұсынады, сондай-ақ - тапсырыс берушінің шешімі бойынша басқа ұйымдарға есепке алу және оларды F3K ҰС әзірлігі туралы бас F3И-дің қорытындысына енгізу үшін береді.

86. Әзірлеуші ұйымдар F3K және оның бүйімдарының ҰС әзірлігі туралы қорытындыларда жазылған ескертулер бойынша ҰС бастау туралы шешім қабылдағанға дейін көрсетілген ескертулерді жою жөніндегі қабылданған шаралар туралы хабардар етеді.

5. Жобалау, салу және монтаждау тәртібі

87. F3K объектілерін жобалау және салу Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы сәулет, қала құрылышы және құрылым саласындағы нормативтік құқықтық актілердің және нормативтік техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

88. F3K құрылым бөлігінің жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеуді ҚР ҚНЖЕ 1.02-01-2007 және ҚР ҚЕ 1.02-21-2007 сәйкес, F3K-нің құру тапсырыс берушінің келісімшарт (шарт) негізінде құрылым бойынша бас жобалау үйымы жүзеге асырады.

89. Жобалау тапсырмасын (техникалық тапсырманы) тапсырыс беруші бекітеді.

90. Жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы тапсырыс беруші бекіткен жобалау алдындағы құжаттамасына (техника-экономикалық негіздемесіне) сәйкес әзірленеді.

91. Жобалау тапсырмасына (техникалық тапсырмасына) және басқа да бастапқы мәліметтерге сәйкес әзірленген және келісілген жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасы жобалар сараптамасының мемлекеттік (мемлекетаралық) оң қорытындысы негізінде тапсырыс берушімен бекітіледі.

92. Салу-монтаждау және ұшу-реттеу жұмыстарын (ҚЖЖ және ҰРЖ) F3K құру тапсырыс берушімен шарт (келісімшарт) бойынша бас мердігер жүзеге асырады.

6. Ұшу сынауларын өткізу тәртібі

6.1. Ұшу сынауларын ұйымдастыру және өткізу тәртібі

93. Ұшы сынаулары:

1) ТТТ (ТТ) берілген қолдану және пайдалану жағдайларына барынша жақындастылған жағдайда және жұмыс істеуінің нақты жағдайында F3K (оның құрамдас бөліктерінің және жүйелерінің) сипаттамаларын (оның ішінде рұқсат етілген олардың шекті мәндерін) жан-жақты тексеру мен раставу;

2) F3K-нің бүйімдарын және F3K тұластай эксперименттік сынаудың жеткіліктілігін және тиімділігін тексеру және пайдалану құжаттамасын сынау, жерүсті жағдайында F3K және оның бүйімдарының сынауын жүзеге асыру мүмкін еместігіне байланысты, F3K және оның бүйімдарының сынауын өткізу;

3) F3K пайдалануға қабылдау мүмкіндігін айқындау мақсатында жүргізіледі.

94. Ұшу сынаулары F3K мен олардың бұйымдарының қабылдау сынақтары болып табылады. ҰС жалпы басшылық жасауды тапсырыс беруші тағайындалатын (тапсырыс берушінің қабылдау комиссиясы) қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

Тапсырыс берушінің қабылдау комиссиясы өз шешімімен комиссия құрамынан F3K-нің (сенімділігін қоса алғанда) техникалық және пайдалану сипаттамаларының бағалауын жүргізуін және пайдалану құжаттаманың сынауын қамтамасыз ететін жекелеген бөліктер, жүйелер және негізгі агрегаттар (аспаптар)) сынағының басшыларын тағайындаиды.

95. F3K ҰС бағдарламасы не ұшу-конструкторлық және есептік сынақтарды өткізуі не оларды араластыруды көздейді. Әрбір нақты F3K үшін ҰС өткізу тәртібін тапсырыс беруші мен F3K бас әзірлеуші мүдделі министрліктермен (ведомстволармен), тапсырыс берушінің және бас F3И-мен және қажет болған кезде ғарыш өнімді (қызметтерді) тұтынушылармен келісілген бірлескен шешіммен айқындаиды.

ҰС өткізілетін және әрбір іске қосудың міндеттері айқындалатын, «Ұшу міндеттіне» және (немесе) «Іске қосу міндеттеріне» енгізілетін F3K ҰС бағдарламасы негізгі құжат болып табылады. F3K ҰС бағдарламаның орнына басқа құжаттардың шығарылуына рұқсат берілмейді.

96. F3K ҰС бағдарламасын F3K бас әзірлеуші ұйым, ҰС басталғанға дейін екі айдан кешіктірмей, өзінің нұсқауы бойынша тапсырыс берушінің ұйымдарымен бірлесіп әзірлейді, пайдаланушы ұйыммен, тапсырыс берушінің бас F3И-мен, табиғи және техноген түрлінің төтенше жағдайларының саласындағы уәкілдті органмен келіседі. Бағдарламаны тапсырыс беруші бекітеді.

F3K ҰС бекітілген бағдарламасын енгізілетін өзгерістерді немесе нақтылауларды әзірлеу, келісу және қарау тәртібі бағдарламаның өзіне арналған сияқты болады.

F3K бас әзірлеуші бағдарламаның өзгерістерін және нақтылауларын өзірлеумен бір мезгілде мүдделі бірлесіп орындаушы ұйымдармен бағдарламаның өзгерістеріне келісу жүргілгенге дейін осы өзгерістерді немесе нақтылауларды енгізу қажеттігін негіздей отырып, техникалық құжатты (есеп, анықтама) шығарады.

97. F3K ҰС бағдарламасы:

1) сынақтардың мақсаты мен міндеттерін, сынақтарға қойылатын талаптарды, оларды орындау тәртібін;

2) сынақ объектілерінің тізбесін, құрамын және мақсатын;

3) ТТТ, ТТ талаптарын растау тәртібін және реттілігін;

4) пайдалануға беру кезінде F3K мен оның бұйымдарының техникалық

ахуалының бақыланбалығының деңгейін (егер бұл деңгей ТТТ, ТТ берілген болса) бағалау жөніндегі жұмыс тәртібін;

5) ҰС процесінде F3K және оның бұйымдар сипаттамаларының бағалау мен анықталу бағдарламаларының және әдістемелерінің, сондай-ақ осы сынауларды дайындау мен өткізу бағдарламаларының және әдістемелерінің тізбесін;

6) телеметрикалық ақпараттың және сыртқы траекториялық өлшеудің толық сынау тәртібін;

7) сынақтардың түрлерін (ұшу-конструкторлық және есептік), олардың міндеттерін және мазмұнын, объектілерді іске қосу саны мен тәртібін қоса алғанда, сынақ түрлері бойынша бөлуді;

8) F3K жекелеген бұйымдары үшін, оның ішінде басқа F3K іске қосу кезінде пайдаланылатын бұйымдар үшін де ҰС өткізудің жеке бағдарламаларының тізбесін;

9) ғарыш айлағы қызметі күштерінің және құралдарының құрамын;

10) пайдалану жүйесінің, пайдалану сипаттамаларының және пайдалану құжаттамасының тексеру және сынау тәртібін;

11) эксперименттік сынау нәтижелерін еске ала отырып, сенімділікке (F3K, оның құрамдас бөліктерінің және жүйелерінің пайдалану қауіпсіздігіне) ТТТ, ТТ берілген талаптарды растау тәртібін;

12) ТТТ, ТТ берілген және конструкторлық құжаттамада анықталған экологиялық және өнеркәсіп қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды растау тәртібін;

13) бұйымдарды, жабдықтарды және қажетті құжаттаманы, сондай-ақ ҰС материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жеткізу тәртібін;

14) старт және техникалық кешендерде бұйымдарды дайындау тәртібін;

15) құлау аудандарында FM3 бөлінетін бөліктердің пайдалану тәртібін;

16) ҚР МЕМСТ Р 51143-2010 талаптар мен басқа да нормативтік құжаттаманы есепке ала отырып, сынақтар бойынша есептіліктің нысанын және тәртібін;

17) мерзімінің ұзақ болуынан немесе ғарыш айлағында арнайы құралдарының болмауынан арнайы бағдарламалар бойынша өткізілетін сынақтардың тізбесін қамтиды.

F3K ҰС бағдарламасында қажет болған кезде тасымалдағыш зымыранның, F3K жеке құрамдас бөліктерімен бірлесіп ғарыш аппараты сынауының тәртібі мен көлемі, көрсетілген сынаулардың өткізу бағдарламасының және әдістемесінің тізбесі, сондай-ақ ҰС процесінде тексеріске жататын F3K соңғы сипаттамалар және талаптар мазмұнының тізбесі көрсетіледі.

Ұшу-конструкторлық сынаулардың негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- 1) F3K бұйымдардың және тұтастай F3K эксперименттік сынаудың жеткіліктілігін және тиімділігін тексеру;
- 2) жерусті жағдайларында жүзеге асыру мүмкін емес сол бір сынауды және F3K бұйымына конструкторлық тиісті құжаттамаға сынау жүргізу;
- 3) пайдалану жағдайында және нақты жұмыс істеу жағдайларында пайдалану құжаттамасын тексеру және сынау.

Есептік сынақтардың негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- 1) F3K пайдалануға қабылдау мүмкіндігін айқындау және (немесе) кешенмен нысаналы міндеттерді шешу (орындау);
- 2) F3K бұйымдарын сериялық өндіріске қою (егер сериялық дайындау көзделсе) жөнінде ұсынымдар әзірлеу.

ҰС бағдарламасы қоршаган ортаны, оның ішінде авариялық жағдайлар туындаған кезде қорғау жөніндегі іс-шараларды қамтуы тиіс.

98. ҰС басталғанға дейін:

1) экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету құралдарын қоса алғанда, ғимараттар мен құрылыштар құрылышы, жерусті жабдығы объектілерінің және жүйелердің құрастыруы және реттелуі және олардың пайдалануға берілуі;

2) өнеркәсіп ұйымдары ғарыш айлағына қажетті конструкторлық, технологиялық және пайдалану құжаттамасының (тапсырыс берушімен келісілген тізімдер бойынша), оның ішінде F3K мен оның бұйымдарының ҰС баллистикалық, математикалық, астрономиялық-геодезиялық және метрологиялық қамтамасыз ету жөніндегі құжаттамасының жеткізілуі;

3) белгіленген тәртіппен F3K ЭРБ жиіліктерін (жиіліктер жолағын) пайдалану жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатын алуы;

4) пайдалануши ұйымдармен бірлесіп өнеркәсіп ұйымдар F3K бұйымдарының жеткізілуі, құрастырылуы, реттелуі;

5) өнеркәсіп ұйымдар пайдалануши ұйымдармен бірлесіп және ғарыш айлағымен техникалық және бастапқы кешендерде тексеру және іске қосу алдындағы жұмыстардың технологиясын пысықтауын, сондай-ақ олардың техникалық қауіпсіздік талаптарын сактай отырып, F3K бұйымдарының АС және КС

өткізу аяқталады.

99. ҰС дайындық аяқталғаннан кейін өнеркәсіптің және (немесе) ғарыш айлағының пайдалану ұйымдары бас әзірлеушілерімен бірлесіп F3K ҰС дайындығы туралы акт жасайды. Актіні пайдалануши ұйымның басшысы бекітеді және ҰС өткізу бойынша тапсырыс берушінің комиссиясына тапсырады.

100. F3K ҰС бастау туралы шешімді эксперименттік сынау нәтижелерін, жалпы ҰС F3K және құрамдас бөліктердің, жүйелердің, агрегаттардың (аспаптардың) дайындығы туралы баяндаманың жазбаша түрде ұсынылған ҰС дайындау қорытындыларын, тапсырыс берушінің қабылдау комиссиясының

мүшелері – өкілдерінің және ұйымдардың баяндамаларын, ҰС F3K дайындығының актілерін қарау негізінде, сондай-ақ ғарыш айлағы ҰС дайындығы туралы пайдаланушы ұйымдар басшыларының баяндамаларын және тапсырыс берушінің, тапсырыс берушінің бас F3I F3K ҰС техникалық дайындығы туралы қорытындыларын қарау негізінде қабылдайды.

101. ҰС «О» литері (немесе одан жоғары литері) бар және эксперименттік сынаудың алдыңғы кезеңдерінде сынақ нәтижелері бойынша түзетілген конструкторлық және технологиялық құжаттама бойынша жасалған бұйымдар жіберіледі.

Әрбір тасымалдағыш зымыран, ғарыш аппараты ғарыш айлағына жіберілгенге дейін конструкторлық құжаттаманың талаптарына сәйкес, борттық есептеу машиналарының бағдарламаларында және алгоритмдерінде салынған немесе оларда қолданылатын параметрлер мен сипаттамалар айқындалады (бақыланады). Формулярларда және төлқұжаттарда осы параметрлер мен сипаттамалар мәндерінің бағдарламаларда (алгоритмдерде) салынған мәндерге сәйкестігі туралы қорытынды береді.

102. F3K құрамында ҰС арналған құрамдас бөліктерді, жүйелерді, агрегатты (аспапты) жеткізуге нәтижелері тиісті есеппен ресімделуі тиіс жоспарланған алдыңғы сынақтар (анықталған ескертулерді жою жұмыстарын аяқтауды қоса алғанда) аяқталғаннан кейін рұқсат етіледі.

103. F3K және оның бұйымдарын әрбір ҰС (ұшуына) дайындауды және осы сынақтарды жүргізуі пайдаланушы ұйым өнеркәсіп ұйымдарының және тапсырыс берушінің ұйымдарымен бірлесіп жүзеге асырады.

F3K және оның бұйымдарын ҰС дайындау кезінде арнайы журналдарда технологиялық операциялардың орындалғаны туралы жазба жасалады, оған өнеркәсіп ұйымдарынан және әрбір операция бойынша орындаушылар мен бақылаушылар қол қояды. Келесі операцияны орындауға көшуге алдыңғы операцияны орындауға және бақылауға жауапты барлық тұлғалардың қолдары болған кезде ғана жол беріледі.

Ұшыруларды арнайы дайындықтан және сынақтардан өткен дайындықтың есебі мен ұшыруы жүзеге асырады. Дайындықтың есебі мен ұшыруын тапсырыс берушінің комиссиясының келісуі бойынша уәкілетті органның, ғарыш айлағының және пайдаланушы ұйымның бірлескен бұйрығымен белгіленеді.

104. Ғарыш айлағында F3K және оның бұйымдарын ҰС дайындауға байланысты техникалық шешімдерді, жұмыстарды техникалық басқаруды қарайды және тапсырыс берушінің комиссиясы қарастырады.

Қабылданған техникалық шешімге сәйкес жұмыстар бұйымды әзірлеуші әзірлеген, бұйымды әзірлеуге ТТ берген үйиммен арнайы тапсырма бойынша жүргізілуі тиіс (қажет болған кезде бұйымының жасаушымен де).

Бұл ретте әзірлеуші ұйым арнайы тапсырма бойынша жұмыстар жүргізілгенен кейін қажет болған кезде, қолданыстағы МЕМСТ 2.503-90 талаптарына сәйкес конструкторлық құжаттамаға тиісті өзгерістер енгізеді. Арнайы тапсырмалар бойынша жүргізілген барлық жұмыстардың нәтижелері бойынша арнайы тапсырмалар сияқты келісілетін және бекітілетін акті жасалады.

Арнайы тапсырмалар бойынша пысықтаулар мен жұмыстарды өнеркәсіп ұйымдары жүзеге асырады (кейіннен пайдалануға беруге жататын бұйымдардың үлгілері – жасаушы ұйым), ТББ және оларға ТӨ бақылайды.

105. Әрбір іске қосуға «F3K әзге сынақтарының әдістемелік жоспарына» сәйкес «Ұшу міндеті» және (немесе) «Іске қосу міндеттері» жасалады.

Бұл құжаттарды тапсырыс берушінің (оның нұсқауы бойынша тапсырыс беруші ұйымының) қатысуымен FК бас әзірлеуші F3K ҰС бағдарламасы негізінде әзірлейді және ҰС өткізу бойынша тапсырыс берушінің қабылдау комиссиясы

бекітеді.

106. F3K есептік сынақтарында F3K, оның құрамдас бөліктерінің, жүйелерінің, агрегаттарының (аспаптарының) схемаларына және конструкциясына бұйымның эксперименттік пысықтау және алдыңғы ұшу сынаулары процесінде расталған сипаттамаларының, параметрлерінің, жұмыс режимдерінің және жұмыс істеу жағдайларының өзгеруіне алып келетін жетілдірулер мен өзгерістер енгізуге тыйым салынады.

Егер F3K ҰС бағдарламасында осы Қағидалардың 95, 97-тармақтарына сәйкес ұшу-конструкторлық және есептік сынауларды араластыру көзделсе, онда бағдарламада өзгерістер мен жетілдірулер енгізуге аталған тыйымның басталуы қолданылатын іске қосудың нөмірі көрсетілуі тиіс.

107. Әрбір іске қосу бойынша ғарыш айлағының қызметтері өнеркәсіп ұйымдарымен бірлесіп, тапсырыс берушінің қабылдау комиссиясы белгілеген мерзімде, бірақ іске қосудан кейін үш күннен кешіктірмей, Мемлекеттік комиссияға іске қосу қорытындыларының алдын ала талдау нәтижелерін баяндайды және бір ай мерзімде іске қосудың нәтижелері туралы техникалық есеп жасайды, оны ол өнеркәсіп ұйымдары мен тапсырыс беруші арасындағы өзара ақпарат алмасу туралы нормативтік және басшылық құжаттарға сәйкес таратады.

Әрбір іске қосудың нәтижелерін талдауды ғарыш айлағының қызметтері F3K бас әзірлеушімен бірлесіп және бұйымдарды әзірлеушілердің, бас F3И-дің қатысушымен жүргізеді.

108. Ұшуда авариялардың себептерін зерттеу және бұйымдардың бұзылуы немесе TTT, TT айтылған және осы Қағидалардың 106-107-тармақтарына сәйкес есептерде келтірілген, техникалық немесе тактикалық-техникалық

сипаттамаларға әсер ететін талаптардың орындалмауы бойынша жұмыстарды, сондай-ақ оларды жою жөніндегі іс-шараларды әзірлеу мен іске асыру бойынша жұмыстарды ТТ берген үйыммен және тапсырыс берушімен (немесе оның нұсқауы бойынша тапсырыс берушінің үйымымен) келісілген, бас әзірлеуші бірлесіп орындаушы үйымдармен (қажет болған кезде) бірге әзірлеген арнайы бағдарламалар бойынша жүргізеді.

Арнайы бағдарламада бұйымдар авариялардың және бұзылулардың (ақаулықтардың) жан-жақты талдауы және авариялар мен бұзылулардың қайталап анықталған себептерін болдырмайтын бұйымдардың және іс-шаралардың жүргізілген өндеулер тиімділігінің және жеткіліктілігінің қажетті есептік-теориялық және (немесе) эксперименттік тексерістерді қарастырады. Бұл жұмыстарға тапсырыс берушінің бас FЗИ-ын қатастырады. Көрсетілген жұмыстардың нәтижелері бойынша тиісті техникалық есептер шығарылуы тиіс.

109. Ұшырулардың нәтижелеріне қарамастан, жеке өндеудің және жасаудың бұйымдары жөніндегі үйымдар, FЗК тұтастай бас әзірлеуші үйым келесі ұшыруға дейін өткен ұшу мәліметтердің (ұшуға дайындығының) талдауын жүргізеді. Бұл ретте әрбір табылған бұзылу, ақаулық немесе рұқсат беру шегінде параметрлердің болу жағдайының тіркелуі және олардың себептерін жою бойынша іс-шаралар әзірленуі тиіс. Үйымдар талдау нәтижелері және табылған бұзылуларды, ақаулықтарды жою және қабылданған іс-шараларды іске асыру бойынша есептерді шығарады.

Авариялық ұшудан, ұшуда бұйымдардың бұзылуымен немесе ТТ, ТТ айтылған және бұйымдардың техникалық немесе тактика-техникалық сипаттамаларына әсер ететін талаптарды орындалмауынан болған ұшудан кейін, келесі ұшуды тек аварияның немесе бұзудың себептерін жойған соң, тиімділікті және жеткіліктілігін растау үшін қажетті есептік және эксперименттік жұмыстарды орындаған соң, ұшуда бұйымның авария немесе бұзудың себептерінің қайталауын болдырмайтын іс-шараларды қабылданған соң немесе іске асырған соң жүзеге асырады.

Авариялық ұшудан кейін ҰС жалғастыру туралы шешімін ҰС шенберінде кезекті ұшуға дайындық жұмыстардың басталуына дейін екі айдан кешіктірмей тапсырыс берушінің қабылдау комиссиясы қабылдайды.

Әзірлеуші үйымдар мен жасаушы үйымдар бас FЗИ-ге, тапсырыс берушіге (оның нұсқауы бойынша тапсырыс берушінің үйымына) аталған қорытындыларды жасау үшін қажетті материалдарды уақтылы ұсынады.

6.2. Ұшу сынауларын аяқтау тәртібі

110. F3K-нің (оның құрамдас бөліктерінің, жүйелерінің, агрегаттары мен аспаптарының) ұшу сынауларын аяқтау және F3K-ні пайдалануға қабылдау мүмкіндігі туралы шешімді Мемлекеттік комиссия F3K сипаттамаларының мемлекеттік тапсырыс берушінің (тапсырыс берушінің) ТТТ (ТТ) талаптарына сәйкестігін, ұшу сынаулары бағдарламасын орындау толықтығын бағалау негізінде, сондай-ақ пайдалану құжаттамасының толықтығын, жеткіліктігін және сапасын тексеру және оның F3K-ні одан әрі пайдалану (мақсаты бойынша пайдалану) үшін жарамдылық дәрежесін есепке ала отырып қабылдайды.

F3K мен және оның бұйымдары сипаттамаларының ТТТ, ТТ талаптарына сәйкестігін бағалау есептік-теориялық бағалау, эксперименттік пысықтау, ұшу сынаулары (ұшу-конструкторлық және есептік) және арнайы сынақтар кезінде іске қосуға және іске қосуды (ұшыруды) дайындау нәтижелері бойынша жүргізіледі.

111. F3K-нің ҰС аяқталғаннан кейін тапсырыс берушінің қабылдау комиссиясы бір ай мерзімде F3K-нің ҰС бағдарламасының орындалуының, F3K сипаттамаларының ТТТ, ТТ берілген талаптарға сәйкестігін, пайдалану құжаттамасын тексеру жеткіліктілігін бағалап, F3K-ні пайдалануға қабылдау мүмкіндігі туралы, сондай-ақ сериялық өндірісті бастау (егер мұндай көзделсе) мүмкіндігі туралы қорытындысымен осы сынақтардың нәтижелері туралы акт жасайды.

Актіге тапсырыс берушінің қабылдау комиссиясының төрағасы мен мүшелері қол қояды және оны тапсырыс берушіге, F3K-нің бас әзірлеушісіне береді.

Тапсырыс берушінің қабылдау комиссиясының актісіне F3K ҰС бағдарламасын орындау нәтижелерін баяндай отырып, техникалық есепті және жою мерзімдері мен кезеңдерін көрсете отырып, ҰС процесінде анықталған және жойылмаған кемшіліктерді (егер мұндай кемшіліктер болған жағдайда) жою жөніндегі ұсынымдар мен ұсыныстары бар кемшіліктердің тізбесін қоса береді.

Тапсырыс берушінің қабылдау комиссиясы актісіне қосымшаларын тапсырыс берушінің бас F3И, сондай-ақ бас әзірлеуші ұйымдарға және ҰС қатысатын басқа ұйымдарға жібереді.

7. F3K пайдалануға енгізу тәртібі (тәжірибелік пайдалану, штаттық пайдалану)

112. F3K және оның құрамдас бөліктерін пайдалануға енгізу тәртібі ҰС қорытындысы бойынша анықталады.

Тапсырыс берушінің объектілерінде пайдалануға енгізілуге F3K, оның құрамдас бөліктері мен негізгі құралдары, сондай-ақ құрылыш аяқталғаннан кейінгі жерусті және басқа да инфрақұрылым объектілері, сондай-ақ егер

мақсаты бойынша әрі қарай пайдалану туралы шешім қабылданса, F3K-нің сынақтағы құрамдас бөліктері жатады.

113. F3K, оның құрамдас бөліктері мен негізгі құралдары, сондай-ақ құрылым аяқталғаннан кейінгі жерүсті және басқа да инфрақұрылым объектілерінің пайдалануға енгізу тәртібі мен кезектілігі жалғаспалы жоспарлау әдісімен анықталып, олардың құрылышы және/немесе қайта құру құжаттамаларында айқындалуы тиіс.

114. Пайдалануға енгізу үстіндегі барлық F3K-нің құрамдас бөліктері мен жүйелері конструкторлық құжаттамалардың талаптарына сай, толық жинақтастырылған, ТТТ (ТТ) немесе келісімде берілген кепілдік мерзімге ие болуы тиіс.

F3K құрамындағы және инфрақұрылым объектілері мен F3K-нің құрамдас бөліктеріндегі негізгі құралдарды пайдалануға енгізілу жұмыстарындағы жылжымалы агрегаттар негізгі құралдарды пайдалануға енгізілу жұмыстарынан бұрын қойылып, пайдалануға енгізіледі.

Жылжымалы агрегаттар жасаушы ұйым мамандарының қатысуымен пайдаланушы ұйымның күш-жігерімен және құралдарымен пайдалануға беріледі. Жұмыстардың нәтижелері агрегатты пайдалануға беру және оған жұмыс істеуге рұқсат беру туралы актімен ресімделеді, оның негізінде пайдаланушы ұйымның басшысы агрегатқа жұмыс істеуге рұқсат беру және оны тиісті лауазымды тұлғаға бекітіп беру туралы бұйрық шығарады.

Агрегат формулярында тиісті жазбалар жүргізіледі.

115. Жасаушы ұйымдар жұмыстарға тапсырыс берушімен жасалған шартта айқындалған мерзімде, бірақ жұмыстар басталғанға дейін кемінде екі ай бұрын пайдаланушы ұйымға шартқа (келісімшартқа) қоса берілген тізбелерге сәйкес барлық қажетті жабдық пен құжаттаманы толық көлемде (шарт бойынша) жеткізуғе міндетті.

116. Технологиясы конструкторлық құжаттамада көзделмеген жұмыстарды орындау тәртібі мен дәйектілігі мемлекеттік тапсырыс берушімен (тапсырыс берушімен) – бұдан әрі мәтін бойынша – тапсырыс беруші – келісім бойынша бұйымды әзірлеуші ұйым әзірлейтін және жұмыстардың техникалық басшысы мен пайдаланушы ұйым басшысының орынбасары бекітетін техникалық шешімдерде айқындалады.

117. F3K-нің құрамдас бөліктерін пайдалануға енгізу жұмыстарының тәртібі мен кезектілігін реттейтін негізгі техникалық құжаттар мыналар:

- 1) құрылыштар мен техникалық жүйелерге арналған жұмыс құжаттамасы;
- 2) конструкторлық және пайдалану құжаттамасы;
- 3) дербес және F3K-ді сынақтарды жүргізу бағдарламалары мен әдістемелері.

F3K құрамдас бөлігін бас әзірлеуші ұйым F3K нақты құрамдас бөлігі

бойынша құжаттардың құрамын, жиынтықтар санын және жіберу есептесін тапсырыс берушімен келісіп, оларды тапсырыс берушімен жасалған шартта айқындалған мерзімде, бірақ жұмыстар басталғанға дейін кемінде екі ай бұрын пайдалануши үйымға жібереді.

F3K құрамдас бөлігін пайдалануға беру жөніндегі жұмыстарды орындаудың нақты көлемі шартта (келісімшартта) айқындалады.

118. Үйымдық және техникалық басшылықты қамтамасыз ету үшін F3K-нің құрамдас бөлігінің жұмысында қатысқан әрбір үйым жұмыстардың техникалық басшысын тағайындаиды.

F3K-нің құрамдас бөлігін пайдалануға беру бойынша жалпы техникалық басшылықты F3K-нің құрамдас бөлігінің бас әзірлеуші үйымы атынан тағайындалатын жұмыстардың техникалық басшы жүзеге асырады.

Пайдалануши үйымның және өнеркәсіптің жұмыстарын орындаушылардың жалпы басшылығы мен жұмыстардың үйлестірілуін жұмыстардың техникалық басшысымен бірге пайдалануши үйымының басшысы жүргізеді.

119. Құрылышы біткен немесе қайта құрылудан өткен F3K-нің құрамдас бөліктерін пайдалануға беру кезінде жұмыстардың мынадай түрлері жүргізіледі:

1) жүйелердің АС;

2) КС кезінде тексерілмейтін жүйелерді және қосалқы мақсаттағы құрылыштарды пайдалануға қабылдауы;

3) КС өткізу үшін жүйелердің дайындығын тексеру және қабылдау;
4) құрамдас бөлігінің КС;

5) тапсырыс берушінің қабылдау комиссиясының құрамдас бөлікті пайдалануға қабылдау.

120. АС-қа жататын жүйелердің тізбесін құрамдас бөлікті бас әзірлеуші үйым тапсырыс берушімен келісім бойынша белгілейді. АС бағдарламалары мен әдістемелерін жүйелерді әзірлеуші үйымдар әзірлейді және оларды құрамдас бөлікті БӘҰ-мен келіседі. Бұл тізбе шартқа (келісімшартқа) қоса беріледі.

121. Жүйелерді АС сипаттамаларының конструкторлық (оның ішінде пайдалану) құжаттама талаптарына сәйкестігін және құрамдас бөлікті F3K-ді сынауға қатыспайтын жүйелердің КС-қа немесе пайдалануға қабылдауға әзірлігін тексеру мақсатында жүргізіледі. АС-қа КК-ға сәйкес оларға кіретін бұйымдармен толық жиынтықталған жүйелер жіберіледі.

122. Жүйелерді АС-ты пайдалануши үйым үйымдастырады және құрамына сынауға қатысатын үйымдардың өкілдері кіретін комиссиялар жүзеге асырады. АС жүргізу жөніндегі комиссиялар КР МЕМСТ СТ 51143-2010 тәртібінің негізінде құрылады.

123. Жүйелердің АС бағдарламаларына сәйкес материалдық-техникалық қамтамасыз етуді шарт негізде бас мердігер үйым; пайдалану құжаттамасының

немесе АС бағдарламаларының талаптарына сәйкес – жүйелерді жасауыш ұйымдар арнайы құрылғылармен, құралдармен, қосалқы бөлшектермен, саймандармен, жабдықтармен (бұдан әрі - ҚСЖ); пайдаланушы ұйым шығыс материалдарымен жүзеге асырады.

АС-дан өтетін жүйелерді, электр энергиясымен, сығылған газбен, сүйиқтықтармен, зымыран отынының құрамдауыштарымен қамтамасыз етуді пайдаланушы ұйым жүзеге асырады.

124. АС-тың көлемі, тәртібі мен дәйектілігі пайдалану құжаттамасымен, бағдарламалармен, әдістемелермен айқындалады.

125. АС нәтижелері бойынша комиссия жүйенің КС-қа әзірлігі туралы немесе егер жүйе КС-қа қатыспайтын болса, пайдалануға қабылдау туралы қорытынды дайындаиды. АС жүйелерінің нәтижелері бойынша акт (есеп) шығарылады, ол әрбір жүйе бойынша жасалады және жұмыстардың техникалық басшысы мен бас мердігер ұйым басшысымен келісілгеннен кейін пайдаланушы ұйымның басшысы бекітеді. АС аяқталғаннан кейін пайдаланушы ұйым жүйелерді АС-тың ресімделген журналдарын, формулярларды, монтаждау сызбаларының жиынтығын және жүйелерді пайдалану кезінде қажетті басқа да құжаттарды береді. АС жүргізілгені туралы мәліметтер формулярға енгізіліп, пайдаланушы ұйым басшысы орынбасарының қолымен расталады.

126. F3K құрамдас бөліктерін F3K-ні сынау құрамдас бөлігі жүйелерінің бірлесіп жұмыс істеуінің дұрыстығын тексеру және оның мемлекеттік қабылдау комиссиясының пайдалануға қабылдауына әзірлігін айқындау мақсатында жүйелер әзір болғаннан кейін жүргізіледі.

Мыналар КС-тың негізгі міндеттері болып табылады:

1) F3K құрамдас бөлігінің түрғызылатын құрылыштар мен техникалық жүйелерге арналған құжаттамамен, технологиялық жабдыққа арналған пайдалану құжаттамасымен жасақталғанын тексеру;

2) технологиялық жабдықпен, техникалық жүйелермен және ҚСЖ-мен жасақталғанын, олардың құжаттама талаптарына сәйкестігін тексеру;

3) құрылыштар мен коммуникацияның әзірлігін тексеру;

4) жылжымалы агрегаттардың тұрақты жүйелермен түйісуін және өзара әрекет етуін тексеру;

5) технологиялық жабдық пен техникалық жүйелердің КС-ға арналған бағдарламаларда, әдістемелерде және пайдалану құжаттамасында айқындалған барлық режимдерде жұмыс істеу қабілеті мен бірлесіп жұмыс істеуін тексеру;

6) құрылыштарда тіршілік етуге болатын жағдайларды қамтамасыз етуді және пайдалану құжаттамасында көзделген жұмыстарды орындау қауіпсіздігін тексеру;

7) штаттық жылжымалы агрегаттардың барлық түрлерінің объектішілік

жолдармен және кіреберіс жолдармен жүріп өту мүмкіндігін тексеру;

8) тұтастай жүйелердің, құрылыштар мен құрамдас бөліктің мемлекеттік қабылдау комиссиясының пайдалануға қабылдауына өзірлігін бағалау;

9) FЗК құрамдас бөліктерін санкцияланбаған іске қосудан немесе пайдаланудан қорғаудың сенімділігін бағалау.

127. КС-тың пайдаланушы үйым үйымдастырады және оны бас өзірлеуші үйымдардың, бас мердігердің, монтаждау және реттеу үйымдарының, жүйелерді жасаушы үйымдардың өкілдерін, курделі құрылышты техникалық қадағалау инспекциясының, техқадағалау инспекциясының, өрт, экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау өкілдерін тарта отырып жүргізеді.

КС-ты орындау және жүргізу үшін жауапкершілік пайдаланушы үйым басшысына жүктеледі.

128. КС-ты тапсырыс берушінің бүйрығымен тағайындалған комиссия жүргізеді. КС-қа қатысатын үйымдардың құрамы КС бағдарламасында айқындалып, оларға қатысуға шарттар жасасу кезінде ескеріледі.

Комиссия төрағасы (КС басшысы) пайдаланушы үйымнан тағайындалады, оның орынбасары (жұмыстардың техникалық басшысы) – құрамдас бөлікті бас өзірлеуші үйымның өкілі. КС-ты тікелей жүргізетін есеп құрамы пайдаланушы үйым басшысының бүйрығымен тағайындалады.

КС FЗК құрамдас бөлігін бас өзірлеуші үйымның КС бағдарламасы мен әдістемесінде айқындалған көлемде және дәйектілікпен жүргізіледі.

129. КС-ты материалдық-техникалық қамтамасыз етуді тапсырыс беруші үйымдастырады және пайдаланушы үйым жүзеге асырады.

130. КС нәтижелерін комиссия актімен ресімдейді, онда құрамдас бөлікті пайдалануға қабылдау өзірлігі туралы қорытынды беріледі. Актіні тапсырыс беруші мен құрамдас бөлікті бас өзірлеуші үйымның басшысы бекітеді.

КС жүргізу туралы мәліметтер құрамдас бөліктің формулярына енгізіледі және пайдаланушы үйым басшысы орынбасарының қолымен расталады.

КС процесінде анықталған барлық ескертулер мен оларды жоюдың ұсынылатын мерзімдері комиссия актісіне қосымшада баяндалады.

131. FЗК-нің құрамдас бөліктерін пайдалануға қабылдауды тапсырыс берушінің қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

132. Пайдаланушы үйым мен бас мердігер мемлекеттік қабылдау комиссиясына мынадай құжаттарды ұсынады:

1) құрамдас бөліктің және оның құрамындағы жүйелердің формулялары;

2) жүйелерді АС мен ЖКР жүргізілгені туралы, КС кезінде тексерілмейтін қосалқы мақсаттағы құрылыштарды, жылжымалы агрегаттар мен жүйелерді пайдалануға қабылдау туралы бекітілген актілер;

3) КС актісі және пайдаланушы үйымның КС жүргізу кезінде комиссия

анықтаған кемшіліктерді жойғаны туралы анықтама;

4) объектішлік жолдар мен коммуникацияларды пайдалануға қабылдау актілері;

5) АС журналдары немесе маршруттық төлкүжаттар;

6) АС және КС бағдарламасы мен әдістемесі;

7) құрамдас бөлікті өзірлеуге және жобалауға қатысқан ұйымдардың тізбесі;

8) жер участкерін бөлу туралы құжаттар;

9) геодезиялық жұмыстарды жүргізу туралы құжаттар;

10) бөлінетін бөліктер құлайтын аудандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы құжаттар (қажет болған кезде);

11) құрылыш алаңының геологиясы мен гидрологиясы туралы, топырақты сынау және су деңгейін талдау нәтижелері туралы құжаттар;

12) арнайы су пайдалануға арналған құжаттар;

13) қоршаған ортаны ластайтын заттарды шығаруға, төгуге, көмуге, орналастыруға рұқсат беру туралы құжаттар;

14) құрамдас бөліктің электр энергиясымен, сумен, бумен, газбен, сығылған ауамен және т.б. ресурстармен қамтамасыз етілуі туралы анықтама;

15) F3K-нің РЭК-ын пайдалану кезінде жиіліктерді (жиілік белдеулерін) пайдалануға рұқсат;

16) құпиялылық режимінің талаптарын орындау (егер осы талаптар F3K-нің ТТТ-ға қойылатын болса) жөніндегі іс-шараларды орындауды қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі анықтама.

F3K құрамдас бөлігі пайдалануға қабылданғаннан кейін санамаланған барлық құжаттама пайдалануши ұйымда сакталады.

133. Қабылдау комиссиясы құрамдас бөлікте орындалған жұмыстардың толықтығы мен сапасын, F3K-нің нақты сипаттамалары мен оның құнының жобадағы мәндерге сәйкестігін, барлық жұмыс кезеңдерінде анықталған кемшіліктердің жойылуын және құрамдас бөліктің пайдалануға өзірлігін тексереді және баялады.

F3K-нің құрамдас бөлігін пайдалануға қабылдау тапсырыс берушінің қабылдау комиссиясының актісімен ресімделеді.

134. F3K пайдалану осы кешендерге иелік ететін, пайдаланатын, билік ететін жататын ұйымдармен, немесе олармен шарттар (келісімшарттар) негізінде олардың құзіретіне сәйкес келетін және осы қызмет түріне лицензиясы бар заңды және жеке тұлғалармен жүзеге асырылады.

135. F3K барлық жұмыстар олардың тиістілігіне қарамастан қатаң түрде пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

136. F3K пайдалану кезінде ұйымдардың өзара іс-қимылды оның немесе өзге де жұмыс түрін орындауы (қызмет көрсетуі) және олар бойынша өзара есеп

айырысу бойынша шарттық негізде өзара қызметтер көрсету болып табылады

137. F3K мен олардың құрамдас бөліктерін пайдаланудың негізгі түрлеріне
м ы на л а р ж а т а д ы :

т ә ж і р и б е л і к п айдалану ;

ш т а т т ы қ п айдалану .

138. F3K тәжірибелік пайдалану жалпы F3K мен оның құрамдас бөліктерін пайдаланудың нақты жағдайларын, жалпы техникалық сипаттамаларын тексерудің осы жағдайларын есепке ала отырып, F3K пайдалану жүйесін жетілдіру мақсатында жүзеге асырылады.

139. F3K мен оның құрамдас бөліктерін тәжірибелік пайдалану F3K штаттық пайдалануға қабылдағанға дейін F3K тапсырылғаннан және пайдаланушы құрылымдарға бекіткеннен кейін жүзеге асырылады. Тәжірибелік пайдалану туралы шешімді тапсырыс беруші қабылдайды. F3K мен оның құрамдас бөліктерін тәжірибелік пайдалану тапсырыс берушінің F3K бас әзірлеуші үйиммен жасасқан шарты бойынша жүргізіледі.

140. F3K мен оның құрамдас бөліктерін тәжірибелік пайдалану F3K бас әзірлеуші үйиммен бірлесіп F3K бас әзірлеуші үйим әзірлеген және F3K тапсырыс беруші бекіткен «Тәжірибелік пайдалану бойынша ережеге» сәйкес ж ү р г і з і л е д і .

141. F3K тәжірибелік пайдалану бойынша (F3K-нің құрамдас бөліктері) бойынша барлық іс-шаралар мен жұмыстар бас әзірлеуші үйимның техникалық жетекшілік етуімен пайдаланушы үйимның есептеулері бойынша жүргізіледі. Бас әзірлеуші үйим сондай-ақ жұмысқа қатысушы үйимдармен барлық өзара іс - қ им ы л м ә с е л е л е р і н ш е ш е д і .

142. Тәжірибелік пайдалануда тұрған бұйымдардың құрылымдық және өндірістік сипаттағы бұзылуын және ақауын жоюды бас әзірлеуші – кепілдік мерзім аралығында ақысыз және кепілдік мерзімі аяқталғанда шарт бойынша ұйымдастырады .

143. F3K тәжірибелік пайдалану және штаттық пайдалануға қабылдау тапсырыс беруші мен F3K бас әзірлеуші үйимның бірлескен шешімі негізінде ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

144. F3K штаттық пайдалану ПК-ға сәйкес пайдаланушы үйимдардың бөлімшелерімен жүзеге асырылады .

145. Пайдаланушы үйимның есептеулерін дайындау F3K бас әзірлеуші үйимның техникалық жетекшілік етуімен пайдалану орнында немесе шарттық негізде өнеркәсіп үйимдарында жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК